



# Adal Azamat

#1 (01-02) 2023

А З А М А Т Т Ы Қ Қ О Ғ А М Ж У Р Н А Л Ы

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫ



ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ  
СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЬЯНСЫ

ҚАА БАСТЫ МҰРАТЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА  
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ

«Қазақстанның Азаматтық альянсы» қауымдастығы нысанында ЗТБ бүкіл ел бойынша 5000-нан астам коммерциялық емес ұйымдарды қамтитын ең ірі республикалық бірлестіктердің бірі болып табылады.

Қазақстанның Азаматтық альянсы 2005 жылы құрылды. Альянстың айрықша ерекшелігі оның елдің әр аймағында ұсынылған өңірлік құрылымдары болып табылады.

## НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- үкіметтік емес секторды дамытуға жәрдемдесу, Қазақстанда ҰЕҰ жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру
- қоғамдық бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету
- қоғам, бизнес құрылымдар, халықаралық ұйымдар мен ҚР мемлекеттік билік органдары арасындағы өзара тиімді әріптестікті дамыту
- ҚР-да Қоғамдық кеңестердің қызметін қолдау.
- Қазақстанда демократиялық процестерді орнықты дамыту және ілгерілету үшін мүшелер мен серіктестердің күш-жігерін біріктіру.

МЕКЕНЖАЙЫ:

Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1,  
Сұлы-жасыл желекжол бизнес орталығы, 12-қабат

ТЕЛЕФОН:

+7 775 274 22 69

E-MAIL:

civilalliance20@gmail.com



# Мазмұны

- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғы сөзі
- 6 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның алғы сөзі
- 8 Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры Йоханнес Д. Райның алғы сөзі
- 10 Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиеваның алғы сөзі
- 12 2023 жыл Қазақстанның азаматтық қоғамының өмірінде
- 14 Қазақстан бүгінде: мемлекет пен азаматтық қоғамның тең серіктестігін құру жолында
- 18 Азаматтық қоғам: эволюциялық даму және тиімді басқару жүйесі
- 22 *Катаржина Вавьерниа:*  
ҰЕҰ-мен жұмыс – біздің күш-жігеріміздің маңызды бөлігі
- 26 *Евгений Жовтис:*  
Күшті азаматтық қоғам бостандық пен демократия жағдайында ғана мүмкін
- 30 *Айгүл Соловьева:*  
Азаматтық альянс мемлекеттің стратегиялық серіктесіне айналуы тиіс
- 34 *Талғат Қалиев:*  
Азаматтық қоғам – өзгерістер агенті
- 38 *Жеміс Тұрмағамбетова:*  
Әрбір азаматтың естілуге құқығы бар
- 42 *Лайла Ахметова:*  
Қазақстанда нағыз қоғамдық көшбасшылар бар!
- 46 *Ләззат Қалтаева:*  
Инклюзия: диалогты тең жағдайда жүргізу
- 50 *Бақыткүл Елшібаева:*  
Адамдарға көмек – өмірдің мәні
- 54 *Жақсыгүл Маханбетова:*  
ҰЕҰ – мемлекет пен бизнестің толыққанды серіктесі
- 58 Блиц-сауалнама: азаматтық қоғам – бұл...

# Adal Azamat

№ 1 (01-02) 2023

Қазақстанның азаматтық қоғамы туралы  
ақпараттық-талдамалық журнал

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Қазақстанның Азаматтық альянсы»  
қауымдастығы нысанында ЗТБ

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Д.Б. Қадіров  
Б.Г. Нұрғазиева  
Й.Д. Рай  
Қ.С. Әбдіхалықов  
Л.С. Ахметова  
М.С. Башимов  
Н.Б. Жүсіп  
Л.М. Қалтаева  
Д. Окременова  
С. Түгел  
А.Ш. Тлебергенова

**БАС РЕДАКТОР:** Б.Г. Нұрғазиева

**ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:** Н.В. Шаяхметова

**ДИЗАЙНЕР:** М. Есенаманов

**КОРРЕКТОР:** Е.И. Шубина

**АВТОРЛАР:** А. Байғалиев, Ә. Мұқанова,  
Г. Биисова, Ю. Масанов, М. Манаспаев

**АУДАРМАШЫЛАР:** С. Канапина,  
Ә. Тышқомбаева

**СУРЕТ:** В. Шаповалов,  
М. Шаповалов, С. Гагкоева

**ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫ:** ЖК «NV Media»

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1,  
Сулы-жасыл желекжол БО, 12-қабат  
Тел. +7 775 274 22 69  
email: civilalliance20@gmail.com  
www.civilalliance.kz

## ЖУРНАЛ ТІРКЕЛДІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің Ақпарат комитеті  
04.12.2023 жылғы № № KZ06VPY00083147  
куәлік

**ТАРАЛУ АУМАҒЫ:** Қазақстан Республикасы

**ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМ:** 1000 дана

**БАСЫЛДЫ:** «Print House Gerona» ЖШС

*Материалдарды немесе олардың үзінділерін  
кез келген көшіруге редакцияның жазбаша  
рұқсатымен ғана жол беріледі. Редакцияның пікірі  
міндетті түрде авторлардың пікірімен сәйкес  
келмейді*

*Журналды жариялау Конрад Аденауэр атындағы  
Қордың қолдауымен жүзеге асырылды.*

**KONRAD  
ADENAUER  
STIFTUNG**





Қазақстан Республикасының Президенті

Астана қ, Ақорда

../10/2023

XI Азаматтық форумға  
қатысушыларға

**Құрметті форумға қатысушылар!**

Сіздерді XI Азаматтық форумның ашылуымен құттықтаймын!

Жиырма жыл ішінде бұл форумның тиімділігі мен қажеттілігі дәлелденіп, салмақты ойлар мен салиқалы пікірлер айтылатын алаңға айналды. Осында көтерілген жасампаз бастамалар мен ұтымды ұсыныстар азаматтық қоғамды дамытуға және жалпыұлттық келісімді нығайтуға тың серпін береді.

Үкіметтік емес ұйымдар және қайырымдылық қорлары, белсенді азаматтар мен еріктілер ел тағдырына бей-жай қарамай, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге барынша атсалысып жүр. Олар ынтымақтастық пен нағыз отаншылдықтың озық үлгісін танытып, еліміздегі бірлік пен татулықты сақтауға зор үлес қосып келеді.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістер қоғамда жаңа этика қалыптастыруды талап етеді. Осы арайда әділдік пен гуманизм, өзара сенім мен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен білімпаздық жаңа этиканың өзегі болуға тиіс.

Мемлекет пен үкіметтік емес сектордың тығыз ынтымақтастығы елімізді жан-жақты дамытуға ықпал етіп, Әділетті Қазақстанды құруға жол ашады деп сенемін.

Баршаңызға бақ-береке, толағай табыс тілеймін

Қасым-Жомарт Тоқаев



## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы туралы ақпараттың маңызды көзіне айналатын AdalAzamat халықаралық журналының бірінші санының шығарылымымен құттықтаймын. Жобаның басталуы Тәуелсіздігіміздің кезекті мерейтойына орайластырылғаны да шартты – сарапшылар қауымдастығы мен кең аудитория үшін бұл қол жеткізілген нәтижелерді ретроспективті талдау үшін маңызды себеп.

Айта кету керек, егеменді дамудың 32 жылында қазақстандық үкіметтік емес сектор мемлекет қанатының астында айтарлықтай күшейіп, бөлініп шықты. Енді бұл – әлеуметтік міндеттердің кең спектрін жүзеге асыруда атқарушы биліктің толыққанды серіктесі.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жақында өткен XI Азаматтық форумға қатысушыларға арнаған үндеуінде атап өткендей, «үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдары, азаматтық белсенділер мен еріктілер ынтымақ пен белсенді патриотизмнің үлгісін көрсетіп, елдегі бірлік пен келісімді сақтауға жан-жақты жәрдемдесуде».

Мемлекет басшысы «Адал азамат» бірыңғай тұжырымдамасымен біріктірілген және Әділетті Қазақстанды құрудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылатын жаңа қоғамдық әдепті қалыптастыруға ерекше назар аударады. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Азаматтық альянстың және қоғамдық диалогтың басқа да негізгі қатысушыларының бірлескен жұмысы Президент қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл үшін елде барлық жағдай жасалған.

Біріншіден, 18 мыңнан астам белсенді ҰЕҰ-дан тұратын ауқымды азаматтық инфрақұрылым жұмыс істейді. Бірлестіктердің көпшілігі әлеуметтік осал адамдарды қолдау, жастар және балалар саясаты, құқықтық қорғау, денсаулық сақтау, экология, білім және ғылым салаларында шоғырланған.

Екіншіден, қолайлы заңнамалық орта қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, Азаматтық қоғамды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы және «Қоғамдық бақылау туралы» Заң қабылданды, онлайн-петицияларды заңдастыру үшін түзетулер енгізілді, қоғамдық кеңестер, бейбіт жиналыстар, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және ҰЕҰ гранттық қаржыландыру туралы заңнама күшейтілді.

Жаңа 2024 жылға азаматтық бастамалар секторы оптимизммен және нақты жоспарлармен аттайды. Біздің тиімді ынтымақтастығымыздың нақты нәтижелері осы журналдың беттерінде көрініс табатынына сенімдімін.

**Аида БАЛАЕВА,**

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі**





### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР

Конрад Аденауэр атындағы Қор атынан Сіздерді шын жүректен қошеметтеймін.

«ADALAZAMAT» («Адал азамат») жаңа журналын кеңінен танымал «Қазақстанның Азаматтық альянсы» қауымдастығы» ҰЕҰ-мен бірлесіп шығара отырып, біз азаматтық қоғам мен саяси диалогты дамытуға жәрдемдесуді, сондай-ақ негізгі мәселелер мен идеяларды талқылау үшін платформа ұсынуды көздедік.

Күрделі геосаяси жағдай жаңа сын-тегеуріндерді тудырып қана қоймай, бейбіт және орнықты бейбітшілікті қалыптастыруға ықпал еткісі келетін халықтар мен елдер арасындағы неғұрлым қарқынды ынтымақтастыққа жаңа мүмкіндіктер ашады.

Конрад Аденауэр атындағы Қор демократия, өзін-өзі анықтау және азаматтық қоғамды нығайту құндылықтарын ұстанады. Азаматтардың белсенді қатысуы демократиялық дамудың ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Біздің журналдың осы бірінші санының беттерінде Сіз саясат пен қоғамдағы азаматтық қоғамның әр түрлі аспектілеріне жарық түсіретін әр алуан пікірлерді, терең талдауларды және шабыттандыратын оқиғаларды таба аласыз.

Біз барлық оқырмандарды осы ынтымақтастықтың бір бөлігі болуға және Қазақстан мен Германияда неғұрлым әділ, ашық және орнықты қоғамды бірлесіп қалыптастыру үшін бізбен, KAS және Азаматтық альянспен диалогқа ұмтылуға шақырамыз.

*Ізгі тілектермен,  
Сіздің Йоханнес Д. Рай*

*Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қордың директоры*



## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Сіздерді, Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуына бей-жай қарамайтын, адамдардың әл-ауқаты алдыңғы қатарда тұрған әділ және еркін мемлекет құруды шын жүректен қолдайтын барлық азаматтарды біріктіретін AdalAzamat журналының алғашқы оқырмандарын шын жүректен қошеттеуге рұқсат етіңіздер.

Біз өтпелі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Біздің еліміз биыл Тәуелсіздігінің 32 жылдығын атап өтеді. Тарих өлшемі тұрғысынан бұл – қас қағым сәт. Бірақ осы кезеңде ел әлемдік аренада айтарлықтай нығайып, лайықты орынға ие болды. Осы жылдар ішінде Қазақстанның қоғамы да өзгерді және өзгеруін жалғастыруда, жыл сайын оның азаматтық белсенділігі де артып келеді. Азаматтық бастамалардың бытыраңқылығынан және нақты белгіленген бағдарлардың болмауынан біз жұмыстың бірыңғай тетігін құруға және азаматтық қоғамды шоғырландыруға бара жатырмыз.

Шамамен 18 жыл бұрын, 2005 жылы Қазақстанның Азаматтық альянсы (бұдан әрі – ҚАА, Альянс) құрылды. Альянстың басты мұраты – Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту, ал басты міндеті – ҚАА арқылы билік пен азаматтық қоғам арасында тұрақты байланыс орнату. ҚАА қамқорлығымен екі жылда бір рет бірегей және ауқымды іс-шара, азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін шешудің негізі – Қазақстанның Азаматтық форумы өткізіледі. Бұл форум ҰЕҰ мен мемлекет арасында тұрақты байланыс орнату үшін ең ірі диалог алаңына айналды.

Альянс бүкіл ел бойынша 5000-нан астам коммерциялық емес ұйымдарды біріктіретін ең ірі республикалық бірлестіктердің бірі болып табылады.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛЪЯНСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БАҢУ НҰРҒАЗИЕВАНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Әрине, Азаматтық альянс Қазақстанның азаматтық қоғамының өзімен қатар үдемелі және ұзақ даму алдында тұр, бірақ бүгінде біз азаматтардың жекелеген санаттарының проблемаларын шешіп қана қоймай, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде, тыныс-тіршіліктің барлық салаларында шешім қабылдауда мемлекетке тең құқылы серіктес болу қабілетін көрсетіп отырмыз.

Азаматтық сектор бүгінде бұл: шамамен 2 000 000 ерікті; жыл сайын 1 000 000-нан астам қызмет; штаттағы және ҮЕҰ жұмысына тартылған 11 000 ғылым кандидаты мен докторы; әлеуметтік жобаларға тартылған 17 500 сарапшы.

Үкіметтік емес сектор өз қазанында «қайнаған» кезеңнен бастап біз билікпен және бизнеспен мағыналы диалог пен серіктестік кезеңіне көшудеміз. Сондықтан біз азаматтық сектор үшін тағы бір диалог алаңын қамтамасыз ету үшін азаматтық қоғамның және азаматтық қоғам туралы журнал шығару туралы шешім қабылдадық.

Қазір Сіздің қолыңызда – AdalAzamat халықаралық ресми басылымының бірінші нөмірі, оның келесі шығарылымдарында қазақстандық қоғам мен билік диалогына қатысты Сізді толғандыратын көптеген сұрақтарға жауап таба аласыз деп үміттенемін.

Біздің журнал бүгінгі күні азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдармен диалогы қандай болу керектігі, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жағдайында үкіметтік емес сектордың орны мен рөлі туралы болмақ.

Журнал беттерінде біз өзімізді толғандыратын проблемаларды көтеріп, кеңінен талқылайтын боламыз. Олар жеткілікті. Олардың бір бөлігі ағымдағы жылы өткен Қазақстанның XI Азаматтық форумында айтылды.

Біз «Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заңның қабылдануын белсенді түрде ілгерілететін боламыз. Өңірлерде ұйымның инфрақұрылымын құру, кадрлармен қамтамасыз ету, ҮЕҰ-ның дайындалып жатқан заң жобаларын міндетті қоғамдық сараптауға қатысуы, мемлекет пен үшінші сектордың стратегиялық әріптестігінің нақты әрі ашық тетігін әзірлеу және т.б. мәселелер бар. Мұның бәрі жаңа басылымның беттерінде көрініс табады.

Қазақстанның Азаматтық альянсы және барлық азаматтық қоғамдастық атынан біздің серіктесіміз – Конрад Аденаур атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігіне және оның басшысы Йоханнес Д. Рай мырзаға AdalAzamat журналының басылымына көрсеткен қолдауы үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Күшті азаматтық сектор кез келген мемлекеттік реформалардың табыстылық кепілі екендігі бұрыннан дәлелденген. Құрметті оқырмандар, Сіздермен бірге біз қазақстандық азаматтық қоғамның көп қырлы өмірінің қарқынында қол ұстасып, «қоғам-мемлекет-бизнес» триадасының диалогын нығайтатын боламыз!

Ақ жол, AdalAzamat!

**Бану Нұрғазиева,**  
**Қазақстан Азаматтық Альянсының президенті**

# 2023 жыл

## Қазақстанның азаматтық қоғамының өмірінде

2023 жылдың ең маңызды оқиғаларының бірі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына қыркүйектегі Жолдауы болды, онда ол адамдардың өмірін нақты жақсарту мақсатында жаңа экономикалық модельге көшуді белгіледі. Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева өз сөз сөйлеулерінің бірінде атап өткендей, Мемлекет басшысы ұсынған елдің экономикалық дамуындағы жаңа вектор қоғамның билікпен өзара іс-қимыл векторын өзгертудің басты ынталандырушысына айналды.



2023 жылы қоғаммен серіктестікте Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдама барлық субъектілердің ортақ жауапкершілігі негізінде құқық бұзушылықтардың алдын алудың тұтас жүйесін құру және халықпен сындарлы әріптестік орнату арқылы елдегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің келешек стратегиясын айқындайды.

Тұжырымдама іс-шараларының іске асырылуына тиісті жүйелі бақылауды қамтамасыз ететін елдегі қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ұлттық бағандама нысанында есептіліктің арнайы тетігін енгізу көзделген.

Алдын алу жүйесінің орталық буыны жергілікті атқарушы органдардың полициямен және жұртшылықпен бірлесіп өңірлік қауіпсіздік проблемаларын шешуі болады.

Мемлекеттік билік пен азаматтық қоғамның барлық институттарын зорлық-зомбылыққа төзбеушілік атмосферасын құруға тарту көзделіп отыр. Бұл салада қазақстандық қоғамның зайырлы құндылықтары мен конфессияаралық келісімді насихаттайтын жергілікті қоғамдастықтарға, қоғамдық пікір беделіне және діни бірлестіктерге ерекше рөл беріледі.

Жалпы, Тұжырымдама құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жүйесін құрудың негізіне айналады.

**А**ғымдағы жылы Қазақстанның XI Азаматтық форумы ерекше болды. ҚАА жиырма жылдығына орай оны елдің барлық 20 өңірінде өткізу туралы шешім қабылданды. Форумның барлық диалог алаңдарында бүгінгі күні азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдармен диалогы қандай болу керектігі, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жағдайында үкіметтік емес сектордың орны мен рөлі туралы әңгіме

болды. Форумның негізгі идеясы – азаматтық қоғам дамуының жоғары деңгейін және оның «Жетілген азаматтық қоғам – гүлденген Қазақстанның тірегі» ұранымен елдің стратегиялық жоспарларын іске асырудағы рөлін көрсету.

Билік пен қоғам арасындағы негізгі диалог екі кезеңде өтті. Мамыр айынан қазан айына дейін еліміздің барлық облыстарында пікірталастар өтті. 2023 жылғы үлгідегі Азаматтық форумда өңірлік форумдардың

арқасында қатысушылар саны он есе көп болды.

Азаматтық қоғамның барлық бояуын ұсынатын 4000-ға жуық адамның қатысуымен ел үшін ең маңызды 20 тақырып талқыланды. Жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстанның Азаматтық альянсының, бизнес-құрылымдар мен сарапшылардың атына 400-ден астам ұсыныс берілді.

**Т**әуелсіздік жылдары Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың саны 100-ден 23 мыңға дейін өсті. Азаматтық сектордың белсенді дамуы елде ҰЕҰ көшбасшылары мен сарапшыларының белсенді жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалғанын айғақтайды, деп атап өтті ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 27 тамызда «Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын» бекітуі негізгі факторлардың бірі болды. Азаматтық секторды дамыту векторын айқындаған стратегиялық құжаттың арқасында елде әр түрлі бағыттар бойынша ҰЕҰ белсенді құрылуда. Үкіметтік емес ұйымдардың негізгі мақсаты – қоғамдық маңызды мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу.

Жалпы, 2023 жылы ҰЕҰ саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда кем дегенде 8,6%-ға өсті.

**К**ыркүйектің үшінші онкүндігінде Қазақстан астанасында БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) public talk форматында ұйымдастырған UNICEF Talks жастар конференциясы өтті. Жастарға арналған және жастарға үшін өткізілетін жыл сайынғы іс-шара «Jastar Üni» ұранымен өтті. Мақсаты – балалар мен жастарға олардың мүдделері мен құқықтарына қатысты барлық мәселелер бойынша еркін пікір білдіру үшін ашық алаң беру.

«Біз ЮНИСЕФ-те жастардың дауысына сенеміз және бұл дауысты естуге тырысамыз. ЮНИСЕФ балалардың барлық құқықтарының орындалуын қамтамасыз ету үшін Қазақстанда отыз жылға жуық жұмыс істейді. Білім беруге, денсаулық сақтауға, сүйіспеншілікке толы отбасында өмір сүруге кеңінен танымал құқықтардың ішінде – балаға қатысты барлық мәселелер бойынша өз көзқарастарын еркін білдіру құқығы бар. Мұнда UNICEF Talks алаңында – бұл құқық шындыққа

айналады», – деп атап өтті өз сөзінде ҚР-дағы ЮНИСЕФ өкілінің м.а. Летиция Бази-Вейл.

Іс-шараның хедлайнерлері Қазақстандағы ЮНИСЕФ ұлттық ізгі ниет елшілері, Ninety ONE тобының қатысушылары болды. Олар өздерінің жеке әңгімелерімен және буллинг проблемасымен күресу тәжірибелерімен бөлісті.

NINETY ONE тобымен бірге конференцияда Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі мектептер мен университеттерді ұсынатын 11-23 жас аралығындағы он алты спикер сөз сөйледі. Олардың шабыттандыратын әңгімелері мен өзекті проблемаларды еңсеру тәжірибесі барлық қатысушылар үшін құнды ынталану көзі болды.

Іс-шара 200-ден астам қатысушыны жинады, олардың арасында ҚР орталық мемлекеттік органдарының, дипломатиялық корпусының, медиа және жалпы жұртшылықтың өкілдері бар.

**К**азақстанның іскер әйелдер қауымдастығының делегациясы 2023 жылғы 4-6 мамыр аралығында БАӘ-ның Дубай қаласында өткен 25-ші Жаһандық әйелдер саммитіне қатысты.

Қазақстандық делегацияны 71 әйел көшбасшы ұсынды. Ол 74 ел арасында Саммиттің ең көп делегациясы болды.

Саммиттің пленарлық сессияларында жаһандық және өңірлік мегатрендтер талқыланды, көшбасшылар, бас директор әйелдер форумдары өтті. Келесі тақырыптар талқыланды: цифрлық трансформация және жұмыстың болашағы; болашақ кәсіпорындары; «ұрпақтар диалогы» әйел кәсіпкерлер форумы.

Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы 25 жыл бойы Жаһандық әйелдер саммитінің тұрақты қатысушысы және халықаралық серіктесі болып табылады, онда жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған ықпалды және табысты әйелдер заманауи трендтерді талқылау және кәсіптік өсу мен бизнесті тиімді жүргізудің жаңа құралдарын ұсыну үшін жиналады.



Жылдар өте келе Азаматтық форум қоғамдық дамудың маңызды мәселелері талқыланатын және қабылданатын диалог алаңына айналды. Осы жоғары деңгейде көтерілген бастамалардың арқасында 2006 жылы Қазақстанда Азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды және қабылданды. Оның негізгі мақсаты мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының тең құқылы әріптестігі болды.

ҰЕҰ белсенді жұмыс істейтін бірқатар бағыттар анықталды. Олардың қатарында гендерлік проблемаларды шешу, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын қолдау және халықты медициналық-әлеуметтік патронаттау, мүгедектерді қолдау, экологиялық проблемаларды шешу болды. Болашақта мәдениет, өнер және БАҚ саласында проблемаларды шешетін ҰЕҰ таратылды.

Жалпы, жиырма жыл ішінде Азаматтық форум қоғамның проблемалары талқыланатын және әділ Қазақстанның құрылысы үшін жаңа идеялар ұсынылатын аса ірі алаңға айналды.



## ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ФОРУМ

Биылғы жылы өткен он бірінші Азаматтық форум да ерекшелік болған жоқ. Әр өңір оны өзі өткізді, өңірлік деңгейде барлығы 5 мыңға жуық адам қатысты. Өңірлер республикалық форумға бір-бір маңызды проблемадан талқылауға шығарды – олардың саны 20-ға жетті.

Мысалы, елордада форум «Астана» халықаралық қаржы орталығында өтті. Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаевтың айтуынша, бүгінде елордада 1 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым белсенді жұмыс істейді. Әкімдік ҰЕҰ-мен бірлесіп 2023 жылы білім беру, салауатты өмір салты, жастарды қолдау, балалар бастамалары және халықтың әлеуметтік осал топтары, отбасылық және тұрмыстық мәселелерді шешу саласында 55 әлеуметтік жобаны іске асырады.

Елордада 15-тен астам көпфункционалды орталық ашылды, олардың мақсаты – азаматтық бастамаларды қолдау және дағдарыстық жағдайларды шешу.

Абай облысында алғашқы Азаматтық форум өңірдің үздік үкіметтік емес ұйымдарын бірнеше номинациялар бойынша сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапаттаумен сүйемелденді. Олардың ішінде «Құқық тәртібі саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым», «Волонтерлік қызмет саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым», «Зерттеу қызметі саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым» және

басқалары бар. Абай атындағы кітапханада азаматтық қоғамды дамытуға арналған диалог алаңдарының отырысы өтті.

Жетісу облысында өңірлік Азаматтық форум «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту проблемалары мен перспективалары» тақырыбын талқылауға шығарды. Форум жұмысына еліміздің барлық 17 облысының және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, республикалық, облыстық ҰЕҰ, саяси партиялардың, діни бірлестіктер мен бизнес өкілдерінің өкілдері, түрлі деңгейдегі депутаттар қатысты.

Қостанай облысындағы іс-шара Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Франция, Әзірбайжан, Түркия, Грузия және Дания жұртшылығының назарын аударды. Форумға қатысу үшін арнайы Бельгия, Ұлыбритания және Нидерланды дипломатиялық корпустарының өкілдері келді. «Әлеуметтік мәселелерді шешу үшін халықаралық ынтымақтастықты дамыту» диалог алаңында қатысушылар өзекті мәселелерді талқылап қана қоймай, басқа елдердің тәжірибесіне негізделген көптеген шешімдерді ұсынды.

Қостанай алаңында тағы бір маңызды тақырып ҰЕҰ жұмысында нейрожелілерді пайдаланудың мүмкіндіктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау болды. Форумға қатысушылар мемлекеттік сатып алудағы және бюджеттік айқындықтағы халықаралық тәжірибені зерделеп, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде тәжірибе және үздік тәжірибелермен алмасты.

Оралдағы өңірлік Азаматтық форумда қатысушылар «Инклюзивті мемлекеттік саясат: жергілікті қоғамның үлесі» тақырыбын талқылады.

Алматыда XIII өңірлік Азаматтық форум өтті. Қатысушылардың назарына «Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру: азаматтық қоғамның заманауи сын-тегеуріндері мен оларды шешу мүмкіндіктері» тақырыбы ұсынылды. Еліміздің түкпір-түкпірінен 300-ден астам ҰЕҰ, билік және бизнес өкілдері тұрақты даму мақсаттарының проблемалары мен перспективаларын талқылады.

Республикалық іс-шараның қорытындысы бойынша Астанада өткен брифингте Ұлытау облысының Азаматтық альянсының жетекшісі Әсем Асанханова форумның мақсаттары мен міндеттері туралы барынша кең сөз сөйледі: «Бүгінгі күні азаматтық қоғам – бұл мемлекет және өз проблемалары мен қажеттіліктері бар халық арасындағы көпір. «Құлақ асатын» мемлекетте өмір сүруге деген ұмтылыс аз, оны өзіміз қалыптастыруымыз керек».

**АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР  
НАҚТЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШКЕ  
АЙНАЛДЫ**

Қазақстанның азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева Астанада өткен брифингте XI Азаматтық форумның қорытындысы бойынша қол жеткізген жетістіктеріне тоқталды. Форумның мақсаты азаматтық қоғам мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы әлеуметтік әріптестікті нығайту болды. Ол жергілікті қауымдастықтардағы әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталуы тиіс.

Президент Тоқаев ұсынған елдің экономикалық дамуындағы жаңа вектор қоғамның билікпен өзара іс-қимыл векторының өзгеруіне басты түрткі болды. Бұл туралы Қазақстанның XI Азаматтық форумының барлық алаңдарында айтылды.

«Бүгінде азаматтық сектор азаматтардың жекелеген санаттарының проблемаларын шешіп қана қоймай, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде, тыныс-тіршіліктің барлық салаларында шешім қабылдауда мемлекетке тең құқылы серіктес бола алатын нақты қозғаушы күшке айналды», – деп атап өтті президент Бану Нұрғазиева.

Қазақстанның азаматтық секторын қазір 2 млн-ға жуық еріктілер ұсынады, олар ҰЕҰ мен науқандар шеңберінде жыл сайын азаматтарға 1 млн-нан астам қызмет көрсетеді. Жыл сайын әлеуметтік жобаларға 17,5 мың сарапшы тартылады. Жалпы, сарапшылық бағалау бойынша Қазақстанның азаматтық альянсының ҰЕҰ көрсететін қызметтердің үлесі республикалық ЖІӨ-нің 5%-на дейін құрайды.

Бұл ретте, Бану Нұрғазиева азаматтық сектор әлі де біртекті емес екенін және ҰЕҰ-ның даму деңгейіне байланысты, әсіресе шалғай, ауылдық аудандарда бірқатар проблемалар шешілмегенін атап өтті.

Экономикалық сектор сияқты азаматтық қоғам институттары да кәсіби кадрлардың жетіспеушілігін сезінуде. ҰЕҰ-ның өсуі мен қаржылық тұрақтылығына әкімшілік кедергі қолданыстағы салық салу жүйесі болып табылады. Жекелеген мемлекеттік органдардың жұмысындағы ресмилік те азаматтық сектордағы ахуалды жақсартуға ықпал етпейді, сондай-ақ ҰЕҰ қолдау және дамыту инфрақұрылымы нашар дамыған.

«Бірақ бұл мәселелердің барлығы шешілуі мүмкін және шешімін табуы тиіс. Олардың шешімі – бүкіл қоғамның мүддесі үшін. Қайталап айтамын: мықты азаматтық сектор – кез келген мемлекеттік реформалардың сәттілігінің кепілі», – деп атап өтті Бану Нұрғазиева.







### ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ БӨЛЕК ЗАҢ СҰРАЙДЫ

ҮЕҰ көтерген негізгі мәселелердің бірі – «Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдар туралы» жеке заңды әзірлеу қажеттілігі, ол ҮЕҰ құрудың оңайлатылған тәртібі, жеңілдікті салық салу, билік құрылымдарымен және квазимемлекеттік сектормен диалогты жүзеге асырудағы айрықша құқықтық мәртебе және мемлекеттік гранттар мен сыйақылар нысанында ҮЕҰ-ны ғана қаржыландыру мәселелерін реттеуі тиіс.

Азаматтарға ҮЕҰ көрсететін қызметтердің сапасын арттыру үшін жергілікті билік органдарының бюджеттік қолдауымен өңірлерде ҮЕҰ үйлерін құру, сондай-ақ осындай білім беруге мемлекеттік гранттар бөле отырып, қоғамдық секторда жұмыс жөніндегі мамандарды даярлау үшін академиялық білім беру шеңберінде мамандандырылған оқыту бағдарламаларын құру арқылы ҮЕҰ-ны қолдаудың жүйелі түрде құрылған инфрақұрылымы қажет.

Сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, халықтың мүдделерін қозғайтын тұжырымдамалар мен стратегияларға – үкіметтік емес ұйымдардың бизнес-ортада жүргізетін сараптамасына ұқсас қоғамдық сараптама жүргізу міндеттілігін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Бұл мәселедегі ең бастысы – ҮЕҰ-дан сарапшылық қорытынды болмаған немесе теріс болған кезде ешқандай нормативтік құқықтық құжатты қабылдау мүмкін еместігі.

Өз кезегінде, мәдениет және ақпарат вице-министрі Данияр Қадыров ОКҚ брифингінде

Қазақстанның XI Азаматтық форумын өткізуді қорытындылай келе, тәуелсіздіктің маңызды жетістіктерінің бірі үкіметтік емес ұйымдардың кәсіби, белсенді және тәуелсіз қауымдастығы болып табылатынын атап өтті.

Бұл конституциялық реформадан кейінгі алғашқы азаматтық қоғам форумы болды. Форумға қатысушылар екі күн ішінде қоғамның ең маңызды және өзекті мәселелерін талқылауға мүмкіндік алды, қоғамдық сана мен азаматтық белсенділікті дамыту, сондай-ақ билік, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы әріптестікті одан әрі нығайту үшін өз ұсыныстарын ұсынды.

Оның пікірінше, пленарлық отырыста ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың форумға қатысушыларға арналған құттықтау сөзін оқыды.

Жалпы, Азаматтық форумның жұмысы шеңберінде мыңнан астам ұсынымдар келіп түсті, ал бұл жұмыстың қорытындысы «XI Азаматтық форумның 2024-2025 жылдарға арналған ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары» болады. Негізгі басымдық азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу болады, деп атап өтті бейінді министрліктің өкілі.



# Азаматтық қоғам: эволюциялық даму және тиімді басқару жүйесі

**Азамат БАЙГАЛИЕВ**

Еуразиялық интеграция институты  
директорының орынбасары



XXI ғасырда табысты мемлекет дамуының басты тренді – мықты және бәсекеге қабілетті азаматтық қоғамды қалыптастыру. Бірте-бірте, сынақтар мен қателіктер арқылы Қазақстанда ресми билік, атқарушы, заң шығарушы немесе сот жүйесі болсын, елді жалғыз тиімді басқара алмайтынын түсінді. Тең пікірталастар мен объективті көзқарастарды білдіру, сценарийлерді модельдеу және оңтайлы шешімдерді әзірлеу үшін табиғи орта құратын мыңдаған үкіметтік емес ұйымдардың қолдауы қажет.

## ҚОСАЛҚЫ МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫСТАН – ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАЛҒА

Қазақстан азаматтық қоғам дамуының эволюциялық моделін ұстанады, оның маңызды шарты – тиімді үкіметтік емес ұйымдар мен қолшатыр құрылымдарының болуы. Бұл институт мемлекеттік реформалардың (көбірек еркіндік – көбірек әрекет), саяси конъюнктураның (көреген басқарушылардың болуы), әлеуметтік сұраныстардың (әр кезеңнің өз қажеттіліктері бар), экономикалық жағдайдың (қаржыландырудың ұлғаюы немесе қысқаруы) және халықаралық бастамалардың (Орталық Азияға шетелдік назардың өсуі немесе төмендеуі) әсерінен дамыды.

Мемлекет жүйесін ырықтандыру және орталықсыздандыру – Президент Қ.К. Тоқаев бес реформа пакеті шеңберінде бастамашылық еткен ауқымды процесс –

**ЖАҢА МЫҢЖЫЛДЫҚТЫҢ  
БАСЫНАН БАСТАП МЕМЛЕКЕТ  
ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕРДІҢ  
ПАЙДА БОЛУЫНА ҚАРАЙ  
ҮКІМЕТТІК ЕМЕС СЕКТОРМЕН  
ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ЖҮЙЕЛІ  
ТЕТІКТЕРІН ҚҰРА БАСТАДЫ**

ҮЕҰ рөлі айтарлықтай артатын болады. Бұл жерде, әрине, ірі ұйымдардың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық саясаттың барлық секторларын іске асыру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алу дайындығы маңызды мәнге ие болады. Үкіметтік емес сектор үшін Президенттің «халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «Адал азамат» деген екі негізгі әлеуметтік тұжырымдамасын ақпараттық-идеологиялық салада одан әрі бекіту маңызды серпін болмақ.

Ретроспективті талдау тұрғысынан 1990 жылдардың басында көрнекті ақын және зерттеуші Олжас Сүлейменовтің жетекшілігімен «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы азаматтық белсенділіктің алғашқы және айқын көрінісі болды. Семей сынақ полигонының жабылуы мемлекеттік аппараттың, бей-жай қарамайтын жұртшылық пен халықаралық әріптестердің өзара іс-қимылының нақты нәтижесі болды.

Сонымен бірге, замандастар атап өткендей, сол кездегі басқа ҮЕҰ арасында жүйелілік пен нақты саясат болған жоқ, бұл өте қисынды – азаматтық «ізашарлар» жаңа экстремалды жағдайларда қалай әрекет ету керектігін білмеді. Саясаткерлер мен азаматтардың көпшілігінің көз алдында үкіметтік емес сектор мемлекеттік органдардың билікке монополиясына түсініксіз қауіп төндіретін қосалқы мәдени құбылыс болып көрінді. Сала құқықтық реттеуде, кәсіби кадрларды тартуда және, әрине, қаржыландыруда айтарлықтай кемшіліктерге тап болғаны таңқаларлық емес.

Алайда, 1990 жылдардың ортасына қарай жағдай айтарлықтай жақсара бастады. Алғашқы ықпалды

үкіметтік емес құрылымдар кәсіпорын қызметкерлерін қорғауға шыққан кәсіподақ және құқықтық ұйымдар болды. 1994 жылдан 1997 жылға дейін ҮЕҰ саны бірнеше ондықтан бір жарым мыңға дейін күрт өсті, бұл жүйені демократияландыру мен ырықтандырудың маңызды белгісі болды. Көптеген ұйымдар шетелдік тәжірибені қабылдады, оларды жергілікті жағдайларға бейімдеді, сондай-ақ халықаралық гранттар алды. Шетелдік қаржыландыру мәселесінің өзі бүгінде пікірталас тудырғанымен, бұл инвестициялар біздің азаматтық қоғамды нығайтуға айтарлықтай үлес қосқанын жоққа шығаруға болмайды.

1996 жыл – «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданған кезде үкіметтік емес сала үшін маңызды болды. Оның ішінде ҮЕҰ-ның құқықтық мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін анықтады. Бір қызығы, заңнамалық бастамалар азаматтық қоғамдастықта ҮЕҰ саяси партияларға, пәтер иелерінің кооперативтеріне және тіпті, діни қауымдастықтарға тең келеді деген тұжырымға байланысты үлкен дау тудырды. Оның орнына үкіметтік емес бірлестіктерге жеке мәртебе беру ұсынылды.

Жаңа мыңжылдықтың басынан бастап мемлекет қосымша мүмкіндіктердің пайда болуына қарай үкіметтік емес сектормен өзара іс-қимылдың жүйелі тетіктерін құра бастады. Сонымен қатар, қоғам белсенділерінің өздері әлеуметтік, білім беру, құқықтық, инклюзивті бағдарламалардың ажырамас бөлігі бола отырып, адамдардың күнделікті өміріне біртіндеп енгізілді, соның ішінде мұқтаж отбасыларды қолдау, нашақорлықтың алдын алу, АИТВ жұқтырған адамдарға көмек көрсету. ҮЕҰ өте ыңғайсыз, сезімтал, белгілі бір дәрежеде маргиналды, оларға мемлекеттік басқарушылардың уақыты болмаған, бірақ қандай да бір жолмен шешімді күткен мәселелермен айналысты.

ҮЕҰ рөлін 2001 жылы қабылданған «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңы нығайтты. Бұл базада, алдымен, Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған тұжырымдамасы, содан кейін бағдарламасы пайда болды. Оларда ҮЕҰ-ны мемлекеттік қолдаудың негізгі нысандары айқындалды, атап айтқанда, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс енгізілді, ол қоғамдық ұйымдарды қаржылық қолдаудың ең қолданбалы құралына айналды.

## ФОРУМДАР, АЛЪЯНСТАР ЖӘНЕ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР

2003 жылғы қазанда I Азаматтық форумды өткізу үкіметтік емес сектордың дамуында жаңа парақ ашты, онда мемлекеттің бірінші тұлғалары мен елдің барлық өңірлерінен ҰЕҰ өкілдері жиналды. Жоғары трибунадан Үкіметтің қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау мен білім беру сапасын арттыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қылмыстың алдын алу, кедейлік деңгейін төмендету салаларындағы тәуелсіз институттарға елеулі өкілеттіктер беру ниеті ұсынылды.

2005 жылғы екінші форумға қатысушылар нақты және маңызды жетістіктермен, сондай-ақ болашаққа арналған өршіл жоспарлармен келді. Нақты нәтижелерге қол жеткізе отырып, қоғам белсенділері одан да маңызды міндеттер мен институцияландырудың жоғары түрлеріне дайын екендіктерін дәлелдей алды. Осылайша, ұзақ мерзімді бағдарламаларды іске қосуға және заңнамалық базаны жетілдіруге қатысты мемлекеттік аппаратпен тең құқықты диалог жүргізу үшін Қазақстанның жетекші ҰЕҰ біріктірген Азаматтық альянс құрылды.

Осы ынтымақтастықтың жаңа жетістіктерінің бірі Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы болды. Құжатта, атап айтқанда, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тетігі пысықталып, ашықтығы қамтамасыз етілді, ҰЕҰ-ның әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларға қатысу үшін рөлдері мен міндеттері айқындалды. Тұжырымдамадағы маңызды тұс мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының тең құқылы серіктестігі туралы ой болды. Ресми деңгейде бұл өзара іс-қимыл ел саясатының негізгі бағыттарының бірі ретінде танылды.

Осы жылдары Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасы, ЮНИСЕФ, ДДҰ, USAID сияқты беделді халықаралық ұйымдар өз қызметін жалғастыруда. Олар түрлі әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша Қазақстанмен бірлескен консультациялық және стратегиялық бағдарламаларды іске асырып қана қоймай, қазақстандық ҰЕҰ-ға атаулы гранттар бөледі. Оң және тиімді шетелдік қолдаудың мысалы – 2007 жылдан бастап Қазақстанда саяси даму және білім беру саласындағы жетекші неміс сараптамалық орталықтарының бірі болып табылатын Конрад Аденауэр атындағы Қор өкілдігінің қызметі. Әріптестік қағидаты бойынша қор біздің елімізде мемлекеттік басқару және БАҚ жүйесінде көптеген жобаларды іске асырды, сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттеріне ондаған гранттар берді.



**ОҢ ЖӘНЕ ТИІМДІ ШЕТЕЛДІК  
ҚОЛДАУДЫҢ МЫСАЛЫ – 2007  
ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА  
САЯСИ ДАМУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ  
САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ  
НЕМІС САРАПТАМАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП  
ТАБЫЛАТЫН КОНРАД АДЕНАУЭР  
АТЫНДАҒЫ ҚОР ӨКІЛДІГІНІҢ  
ҚЫЗМЕТІ**



## ПАРАСАТТЫЛЫҚ ПЕН ТЕПЕ-ТЕҢДІК ФАКТОРЛАРЫ

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы ҰЕҰ саны 100-ден 23 мыңға дейін өсті (оның ішінде бүгінгі күні белсенді ҰЕҰ – 18 мыңнан астам). Елде саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіптік одақтар, этномәдени және діни бірлестіктер кіретін тұрақты және алуан түрлі азаматтық мемлекеттік емес сектор қалыптасты. Олар әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіріп, қорғайды, Парламент пен Үкіметке ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мүдделерін білдіреді, гендерлік тетіктерді жетілдіреді, заңдарға ұсыныстар енгізеді және жастардың ұстанымдарын қорғайды. Азаматтық сектордың мемлекет жұмысына кеңінен қатысуы елде ҰЕҰ көшбасшылары мен сарапшыларының белсенді жұмыс істеуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалғанын көрсетеді.

Осы негізгі саладағы зәкірлік ұйым, әрине, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ болып табылады, ол бүгінде бүкіл ел бойынша бес мыңнан астам коммерциялық емес бірлестіктерді қамтиды. Альянс ҰЕҰ жалпы үйлестіруді жүргізеді, әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырады, халықаралық ынтымақтастықты дамытады және мемлекеттік билік органдарымен тиімді өзара іс-қимыл жасайды. Альянстың айрықша ерекшелігі – оның орталықта және жергілікті жерлерде кең өкілдіктер желісінің болуы.

Соңғы жылдары ҰЕҰ сапалық көрсеткіштерінің өсуін қамтамасыз ету тұрғысынан мемлекеттің күш-жігері байқалады. Мұндай ұйымдарды ашу тәртібі жеңілдетіледі, бұл азаматтарға өз ұстанымдарын белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бүгінгі күні үкіметтік емес ұйымды тіркеу кезеңі небәрі 7-10 күнді алады. Жыл сайын қоғам өмірінің әртүрлі салаларында 150 және одан да көп жаңа қоғамдық ұйымдар пайда болады. Мысалы, тек 2023 жылы ҰЕҰ саны 8,6%-ға өсті. Бұдан басқа, Мәдениет және ақпарат министрлігі «ҰЕҰ деректер қорын» құрды, ол қызметтің ашықтығын арттырып, Қазақстандағы барлық ҰЕҰ туралы ақпаратты ретке келтірді. Заңнамалық мүмкіндіктер де дамуда. Мысалы, Астанада өткен XI Азаматтық форумда айтылған Азаматтық қоғамды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды.

Жалпы, ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес, мемлекет қоғам жақсырақ шеше алатын ерекше функциялардан белсенді түрде арылуы тиіс. Белсенді азаматтар әлеуметтік-саяси өмірге қатысатын модель бұрыннан сыналған және көптеген өркендеген елдерде табысты нәтижелер көрсетіп келеді. Қазақстан бұл тәжірибені ақылға қонымдылық пен тепе-теңдік факторын негізге ала отырып, дәйекті түрде қабылдайды.



## Катаржина Вав'ерниа: ҮЕҰ-мен жұмыс – біздің күш- жігеріміздің маңызды бөлігі

**БҰҰ Даму бағдарламасы Қазақстанда 30 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұның нәтижесі өмірдің әр түрлі салаларында 200-ге жуық жобаны жүзеге асыру болды. Ұйымның ТДМ-ға қол жеткізудің негізгі элементі ретінде азаматтық секторды дамытуды қалай қолдайтыны туралы біз БҰҰДБ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілі Катаржина Вав'ерниамен әңгімелестік.**

**– Вав'ерниа ханым, осы сұхбат үшін рахмет. Қазақстанда БҰҰДБ жұмысының қандай негізгі бағыттарын ерекше атап өтуге болады? Олар қазақстандықтардың өміріне қалай әсер етті?**

– 30 жыл ішінде Қазақстан үлкен жолдан өтті. Көптеген реформаларды жүзеге асыру кедейліктің айтарлықтай төмендеуіне, қызмет көрсету сапасының жақсаруына және адамның даму деңгейінің жоғарылауына әкелді.

Осы уақыт ішінде БҰҰДБ Қазақстан Үкіметімен жүйелі түрде ынтымақтастықта болды. Әр жылдары біздің жұмысымыз қажеттіліктерге байланысты әр түрлі аспектілер бойынша жүргізілді. Бүгінде біз төрт негізгі бағыт бойынша жұмыс істейміз: теңсіздік пен осалдыққа қарсы күрес, институттардың тиімділігі мен есептілігін арттыру, экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесу, төмен көміртекті дамуды қолдау және климаттық өзгерістерге бейімделуге көмектесу.

Біз Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде Қазақстанға озық идеялар әкелу үшін жаһандық тәжірибе мен әріптестік байланыстарды пайдаланамыз. Мысалы, біз мақтан тұтатын жобалардың бірі – «Отбасының цифрлық картасы» инновациялық платформасын енгізу бойынша Қазақстан Үкіметімен ынтымақтастық. Бұл флагмандық govtech құралы қоғамның ең осал топтарын қолдау мүмкіндіктерін кеңейтетін Әлеуметтік кодекстің негізгі элементіне айналды.

Біз экологиялық күн тәртібі бойынша белсенді қызмет жүргіземіз. «Жасыл» экономика тұжырымдамасын әзірлеуден бастап, шын мәнінде, елдің «жасыл» дамуының алғашқы пайымына, Қазақстанның Париж келісіміне қосылуына және Төмен көміртекті даму стратегиясын қабылдауға дейін – БҰҰДБ барлық кезеңдерде сараптамалық және ресурстық көмек көрсетті.

Біздің қолдауымызбен, мысалы, Қазақстанда инвесторлар үшін Күн ресурстарының интерактивті атласы құрылды және ЖЭК бойынша құжаттамасы бар алғашқы аукцион сәтті өткізілді, алғашқы «жасыл» облигациялар шығарылды және гранттық емес қаржы құралдары енгізілді. Бұл қадамдар жаңартылатын энергияға, энергия тиімділігіне және биоалуантүрлілікті сақтауға қосымша жеке инвестицияларды тартуға мүмкіндік беретін елдегі «жасыл» қаржыландыру нарығын түбегейлі өзгертті. Бұған қоса, соңғы онжылдықта БҰҰДБ қолдауымен Қазақстанда қолданыстағы аумақтар кеңейтіліп, жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылды, алғаш рет экологиялық дәліздер құрылды, биоалуантүрлілікті сақтау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

БҰҰДБ Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару реформасына қатысты. Біз коммуналдық мүлікті тиімді басқаруды, бюджетпен және мемлекеттік сатып алулармен жұмыс істеуді, жергілікті басқаруды ашық әрі тиімді етуді үйрететін сарапшыларды тарта отырып, әкімдерге семинарлар өткіземіз.

Құқық қорғау институттарын нығайту және құқық үстемдігін ілгерілету жөніндегі күш-жігеріміздің шеңберінде біз «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Конституциялық Заңын әзірлеуге және қабылдауға жәрдемдестік және өңірлерде омбудсменнің жаңадан тағайындалған өкілдерін оқытуды қолдадық. Біз сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің академияларында сервистік полиция курсы енгізуге жәрдемдестік және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күреске үлес қостық.

Бұл – БҰҰДБ мен Қазақстан Үкіметінің ынтымақтастық бағыттарының үлкен тізімінің бір бөлігі ғана. 30 жыл ішінде біз 200 миллион АҚШ долларынан астам сомаға 200-ден астам жобаны жүзеге асырдық. Біз мемлекеттік қызметпен мемлекеттік басқару реформаларын іске асыруда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте және сот төрелігінің сапасын арттыруда, сондай-ақ цифрландыруды ілгерілетуде қолдау көрсетеміз.

Ауқымды жұмыс жүргізілуде. БҰҰДБ Қазақстанды тұрақты даму жолында одан әрі қолдауға дайын.

**– Кез келген жетілген қоғамның маңызды элементі – күшті азаматтық сектор. БҰҰДБ Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарымен ынтымақтастықты қалай дамытады?**

– ҰЕҰ, әрине, БҰҰДБ Қазақстанда ілгерілететін бастамаларды іске асыруда үлкен рөл атқарады. Сондықтан үкіметтік емес сектормен жұмыс – біздің күш-жігеріміздің маңызды бөлігі. ҰЕҰ іс жүзінде Үкімет, азаматтық қоғам және БҰҰДБ сияқты халықаралық ұйымдар арасындағы қажетті өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін көпір ретінде қызмет етеді.

ҰЕҰ көбінесе халықтың осал топтарына тікелей қол жеткізе отырып, жергілікті жерлерде жұмыс істейді. Олар өте ұтқыр, бұл мұқтаж адамдарға жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді. ҰЕҰ қоғамды толғандыратын маңызды мәселелерді көтереді, заңнамалық бастамаларға әсер етеді және азаматтардың әлеуметтік мәселелерді талқылауға және шешуге қатысуын қамтамасыз етеді.

Бүгінде Қазақстанда түрлі салаларда белсенді жұмыс істейтін 18 мыңға жуық үкіметтік емес ұйым бар. Бұл – адами капитал мен сараптамалық білімнің үлкен активі. Осы үлкен және өзара байланысты қоғамдастық бере алатын әлеуметтік және басқа да артықшылықтардың әлеуетті көлемін ескере отырып, оны дамыту және арттыру қажет. ҰЕҰ-ның үштен біріне жуығы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаумен айналысады, бұл «ешкімнің артта қалмауын» қамтамасыз ете отырып, 2030 жылға дейінгі күн тәртібінің негізгі мақсатын іске асыруға сәйкес келеді.

Бізде ҰЕҰ-мен серіктестіктің сәтті мысалдары бар және ол жалғасады деп үміттенеміз. Біз ҰЕҰ-ның 2019 және 2022 жылдары Қазақстанның бірінші және екінші ерікті ұлттық шолуларын әзірлеуге бейілділігі мен тартылу деңгейінен шабыт алдық. Бұл есептердің жетістігі үкіметтік емес сектор ұсынған құнды тәжірибе мен білімді шоғырландырудың нәтижесі болды.

– БҰҰДБ жұмысының үлкен бағыттарының бірі – кемсітушілікке қарсы күрес, гендерлік теңдікті, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын ілгерілету. Осы жұмысқа толығырақ тоқталсаңыз.

– Иә, бұл өте дұрыс, гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша күш-жігер БҰҰДБ-ның негізгі міндеттемесі болып табылады. Ұйым әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлік теңдік тұрақты даму мақсаттарына жету үшін өте маңызды екенін мойындайды. Олар әрбір әйел мен бойжеткен заңды, әлеуметтік және экономикалық кедергілерсіз толық гендерлік теңдікке ие болған кезде адам құқықтары мен жеке адамның қадір-қасиетін жалпыға бірдей құрметтеуді қамтамасыз етеді.

Біз гендерлік теңдік қағидаттарын жұмысымыздың барлық салаларына кіріктіреміз. Әйелдерге шешім қабылдауға қатысуға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға, басшылық лауазымдарды атқаруға және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы бірігуге көбірек мүмкіндік беретін шараларға баса назар аударады. Мысалы, БҰҰДБ арқасында Қазақстанда сегіз мыңнан астам әйел қаржылық емес қолдауға ие болды, бұл оларға өз бизнесін ойдағыдай бастауға мүмкіндік берді.

Мүгедек адамдардың құқықтарын қорғауға келетін болсақ, біз қажетті заңнамалық нормалар мен стандарттарды әзірлеуге қатысамыз. Мысалы, Қызылорда мен Павлодарда біздің қолдауымызбен халықаралық стандарттарға сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін толық жабдықталған модельдік пәтерлердің пилоттық жобалары іске қосылды. Бұл – орындаушылар үшін көрнекі стандарт. Жалпы, біз мүгедектігі бар адамдар үшін кез келген ортаның инклюзивтілігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмысты жалғастырамыз.

– Тәуелсіздік жылдары еліміздегі азаматтық сектордың дамуын қалай бағалайсыз?

– Қазақстан маңызды жолдан өтті. Бүгінде көптеген үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларына белсенді қатысуда. Азаматтық белсенділер, үкіметтік емес ұйымдар мен қайырымдылық ұйымдары өзекті мәселелерді талқылай алатын, идеялар мен ұсыныстар бере алатын тұрақты қоғамдық алаң бар. Бұл – Азаматтық форум.

Ел дамуының ауқымы мен қарқынын көріп, мен Қазақстанның орнықты дамуына бағытталған іс-қимылдарды қолдаудағы азаматтық сектор мен мемлекеттің әріптестігін жоғары бағалаймын. Бұл ынтымақтастық өзекті проблемаларды тиімді шешуге және қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

ТДМ-ға қол жеткізу үшін біз бірлесіп жұмыс істеуіміз керек екенін түсіну маңызды. Бұл – жеке-дара шешуге болмайтын міндет. Азаматтық қоғамды, мемлекетті және халықаралық ұйымдарды біріктіретін ұжымдық күш қажет. Саяси ерік-жігермен бірлескен күш-жігермен біз барлығына экологиялық, тең және әділ болашақ құра аламыз.

**ОБЪЕКТИВТІ АҚПАРАТТЫ ТАРАТУДА ЖӘНЕ  
БОЛЫП ЖАТҚАН ОҚИҒАЛАРДЫ ТАЛДАУДА  
ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРАТЫН ТӘУЕЛСІЗ БАҚ ПЕН  
АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ  
ДАМУЫ ҚАЖЕТ**





**– Қазақстандықтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктері артып келеді. 2021 жылы ауыл әкімдерінің, 2023 жылы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерінің алғашқы сайлауы өтті. Жергілікті өзін-өзі басқару реформасы елдің дамуы мен азаматтық жауапкершіліктің өсуі үшін қаншалықты маңызды?**

– Бұл өте маңызды, өйткені ол жергілікті жерде басқарудың тиімділігін арттырады, өңірлердің ерекшеліктерін ескереді, осы ерекшеліктерді ескере отырып, олардың дамуына ықпал етеді, адамдардың сайлауға және басқаруға қатысуы арқылы азаматтық жауапкершілікті арттырады.

БҰҰДБ бұл реформаны іс жүзінде қолдайды. Мен атап өткендей, Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, ауыл әкімдері үшін оқыту тренингтерін ұйымдастырдық. Оларға Қазақстанның 17 өңірінен аудандық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін қосқанда 2500-ге жуық адам қатысты.

Басты мақсаттардың бірі әкімдерге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жаңа кеңейтілген функционалдығын жақсы түсінуге көмектесу, сондай-ақ округ үшін маңызды жобаларды тікелей қаржыландыру жүйесімен жұмыс істеу болды. Негізгі идея ауылдық округтерге олардың географиясында болып жатқан оқиғаларға әсер етуге, қаржыны қалай пайдалану керектігін шешуге, тіпті, инфрақұрылымды жақсарту үшін өз кәсіпорындарын құруға көбірек мүмкіндік беру болды.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту әр түрлі мүдделердің, соның ішінде осал топтардың, жастардың және шалғай аудандардың тұрғындарының әділ өкілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**– Азаматтық сектордың қандай бағыттарын белсенді дамыту қажет деп ойлайсыз?**

– Біз бетпе-бет келіп отырған сын-тегеуріндерді ескере отырып, Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін азаматтық сектор қоғамдағы ынтымақтастық пен сенімді нығайтудың қозғаушы күшіне айналуы тиіс. Біз азаматтық жауапкершілікті күшейту, азаматтарды мемлекеттік бағдарламалар мен саясаттарды талқылауға және іске асыруға белсенді тарту туралы көбірек айтуымыз керек. Объективті ақпаратты таратуда және болып жатқан оқиғаларды талдауда шешуші рөл атқаратын тәуелсіз БАҚ пен азаматтық бастамаларды қолдау және дамыту қажет.

Осы шаралардың барлығы билік институттарының ашықтығы мен жауапкершілігін арттырып қана қоймай, неғұрлым сауатты, ақпараттандырылған, белсенді және тартылған қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Ал бұл, өз кезегінде, мемлекеттік басқарудың сапасына, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне және халықтың билікке деген сенім деңгейіне оң әсер етеді.

Жалпы, біз тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің негізгі элементі ретінде азаматтық секторды дамытуды ілгерілетуді әрқашан қолдаймыз. Бұл – жай ғана басымдық емес, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей ықпал ететін және қазіргі жаһандық сын-тегеуріндерге төтеп беруге дайын тұрақты және инклюзивті қоғамның негізін қамтамасыз ететін болашаққа стратегиялық инвестиция.

Евгений Жовтис:

# Күшті азаматтық қоғам бостандық пен демократия жағдайында ғана мүмкін



**Азаматтық қоғам қаншалықты еркін және тәуелсіз болса, мемлекеттің өзі соншалықты күшті және тиімді. Қазақстанда азаматтық және саяси құқықтардың жағдайы туралы, неге демократиясыз тұрақты даму болмайтыны жайлы, ал оппозиция қалыпты жағдай екені туралы біз Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық бюроның директоры Евгений Жовтиспен әңгімелестік.**

– Евгений Александрович, биыл Адам құқықтары жөніндегі қазақстандық бюроға 30 жыл толды. Осы жылдар ішінде бізде азаматтық қоғам, сондай-ақ адам құқықтарымен жағдай қалай өзгерді?

– Ең алдымен, ұғымдар туралы келісу маңызды: азаматтық қоғам – бұл еркін, белсенді, жауапты және бей-жай қарамайтын адамдар мемлекетті басқаруға қатысу құқығын түсінетін және бұл құқықты – демократиялық сайлау арқылы, мемлекетпен және билікпен өзара іс-қимыл арқылы, қоғамдық бақылау арқылы және т.б. жүзеге асыруға мүмкіндігі бар орта. Бұл – Конституцияның «билік көзі – халық» деген нормасы іс жүзінде жүзеге асырылатын орта. Азаматтық қоғам – бұл мемлекеттік саясаттың объектісі емес, оның субъектісі болып табылатын қоғам.

Қазақстанда ол 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында қалыптаса бастады. Алдымен, әр түрлі бейресми бастамалар түрінде, содан кейін белгілі бір институцияландыру түрінде – тәуелсіз кәсіподақтар, оппозициялық партиялар, ҮЕҰ пайда бола бастады, тәуелсіз БАҚ болды. 1995-97 жылдарға дейін, жаңа Конституциямен үлкен авторитаризмге бет бұрғанға дейін, азды-көпті белсенді дамыды.

Қазір рейтингтер мен бағалауға қарасақ, Қазақстан, ОА-ның барлық елдері сияқты, шоғырландырылған авторитарлық режимі бар еркін емес мемлекеттерге жатады – біз демократия емеспіз. Өкінішке қарай, әзірге дамып келе жатқан демократия да емес. Саяси құқықтар мен азаматтық бостандықтардың, құқық үстемдігінің негізгі параметрлері бойынша біз екінші жүз елде, ал сөз және сөз бостандығы бойынша – мемлекеттер тізімінің соңғы үштен бірінде тұрмыз.

Мұның пайда болуының объективті себептерінің бірі – саяси жүйенің, сондай-ақ мемлекеттің негізгі құқықтық институттарының реформаланбауы. Сот жүйесі, қауіпсіздік органдары, құқық қорғау органдары мен прокуратура кеңестік менталитетті сақтап қалды, егер оны осылай атауға болатын болса: бұл патернализммен асырауда болушылықтың белгілі бір қоспасы іспетті – мемлекет ең бастысы, ол бәрін біледі, ол қағидаларды орнатады және біз бұл қағидаларды күш құралдарымен қамтамасыз етеміз.

30 жыл бұрын Адам құқықтары жөніндегі бюро құрылған кезде біз саяси құқықтар мен азаматтық бостандықтарды қызмет нысаны ретінде бірінші орынға қойдық.

Өйткені мен адамдардың еркіндігі болмаса, мемлекеттегі экономикалық, әлеуметтік және басқа да проблемалар тиімді шешілмейтініне сенімдімін. Бұл өте қарапайым: егер Сізде сөз бостандығы болмаса, онда Сіз өзіңіздің әлеуметтік, экономикалық және басқа да проблемаларының туралы, оларды шешуді айтпағанда, қарапайым айта алмайсыз.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде 30 жылдан астам өмір сүргеніне қарамастан, біздің елімізде азаматтық қоғам әлі де қалыптасу кезеңінде. Өзін мемлекеттің тең серіктесі немесе сыншысы ретінде сезінетін ұйымдар мен белсенділер өте аз. Билік өзгеріп жатқанын және адамдар, қоғам, ел қалатынын түсінетіндер аз, ал мемлекет әрқашан белгілі бір қағидалар мен ортақ игілік шеңберінде әрекет етуі тиіс.

Адам құқықтарына қатысты жағдайға келетін болсақ, ол әр түрлі жолдармен дамиды. Мен атап өткенімдей, ол саяси құқықтар мен азаматтық бостандықтарға қатысты айтарлықтай нашар. Мұнда біз заңнамада да, іс жүзінде де елеулі шектеулер деңгейінде қалуды жалғастырамыз. Ең алдымен, мен сөз бостандығы мен пікір білдіру құқығы, жиналыстар мен бірлестіктер бостандығы, ар-ождан мен сенім бостандығы, мемлекетті басқаруға қатысу құқығы, еркін және әділ сайлау және т.б. туралы айтып отырмын.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға

қатысты жағдай жақсы. Мұнда кейбір қозғалыстарды көруге болады. Мысалы, мүгедектердің, әйелдердің, балалардың құқықтарын жақсырақ қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде, саясаттандырылмаған мәселелерде де қандай да бір ілгерілеу бар: азаптауға қарсы күрес, адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық және т.б.

**– Бір кездері Сіз ҚР өлім жазасын жою жөніндегі комиссияның құрамында болдыңыз. Комиссиядағы жұмыс несімен есте қалды, белгіленген мақсаттарға қол жеткізілді ме?**

– Әріптесім Жеміс Тұрмағамбетова екеуміз бұл мәселені 1992-93 жылдары көтере бастадық. Өлім жазасын орындауға мораторий қабылдау үшін 10 жылдан астам уақыт қажет болды – бұл 2004 жылы болды. Тағы 10 жылдан кейін, 2014 жылы, жұмыс келесі деңгейге көтерілді – өлім жазасын тағайындау мүмкіндігі қысқартылды, Қылмыстық кодекстен осындай жазаны қарастыратын баптардың бір бөлігі алынып тасталды. Бірақ біздің еліміз Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші Факультативтік хаттамаға қосылғысы келмеді.

Мұны жүзеге асыру үшін тағы 10 жылға жуық уақыт қажет болды: 2022 жылы өлім жазасы Конституциядан алынып тасталды және 2023 жылы осы хаттамаға қосылдық. Білесіз бе, бұл үшін 2021-2022 жылдары келтірілген дәлелдер біз 1993 жылы келтірген дәлелдерден айтарлықтай ерекшеленбеді.

Дәл осындай жағдай біз көтеріп отырған көптеген басқа мәселелерді шешуде орын алғанына өте өкінемін: иә, олардың кейбіреулері оң шешім табады, бірақ бұл көптеген және көптеген жылдарға созылады.

Сондықтан нәтижеге қол жеткізілгеніне қарамастан, мен комиссиядағы тәжірибеге қатты қанағаттанамын деп айта алмаймын. Диалог алаңдары құрылып жатқаны жақсы, біз өз көзқарастарымызды, ұсыныстарымызды және ұсынымдарымызды жеткізе аламыз, бірақ тиімділік тұрғысынан бұл әзірге жеткіліксіз деп қорқамын.

**– Сіз Орталық Азияның және бүкіл пост-кеңестік кеңістіктің құқық қорғаушыларымен көп байланыста боласыз. Біздің елдерімізде адам құқықтары саласында қандай ортақ тұстар және қандай ерекшеліктер бар?**

– Орталық Азияның барлық елдері, сондай-ақ барлық посткеңестік мемлекеттер (мүмкін, Балтық жағалауы мемлекеттерін қоспағанда) азаматтық құқықтар мен бостандықтар, азаматтық қоғамның дамуы туралы сөз болғанда бірдей проблемаларға тап болады. Мен сот жүйесі, ұлттық қауіпсіздік органдары, құқық қорғау органдары, прокуратура сияқты институттардың бұл процестер үшін қандай маңызы бар екенін айттым – оларды реформалау барлық жерде қиын.

Кеңестік өткеніміз біздің қоғамдарда да із қалдырды: бірнеше ұрпақта адамдардың демократияға мүлдем қатысы жоқ және онша түсінбейді, көбінесе шешім қабылдауға қатысықысы келмейді.

Айырмашылықтар әр мемлекеттің саяси дамуында – және бұл азаматтық қоғамның қалыптасуына, іргелі құқықтар мен бостандықтарға тікелей әсер етті.

**– Сіз Қазақстандағы кемсітушілік тақырыбымен жиі сөз сөйлейсіз. Ол нақты нені білдіреді және тақырыптың өзектілігі қандай?**

– Ортақ проблема – Қазақстанда мұндай кемсітушілікке қарсы заңнама мүлдем жоқ. Толық және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кемсітушіліктің анықтамасы да жоқ. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері туралы» заңда «кемсітушілік» ұғымы бар, бірақ ол өте қысқа.

Кемсітушіліктің көптеген формалары бар, тікелей, жанама, қауымдастық бойынша, көпше. Негізінде, бұл адаммен қарым-қатынаста кез келген айырмашылықпен байланысты, ол басқа тең жағдайлар кезінде құқықтар мен мүмкіндіктердің төмендеуіне, жойылуына, қысқаруына әкеледі. Бірақ егер қазақстандық кемсітушілік үшін біреуді сотқа бергісі келсе, ол мұны істей алмайды, өйткені мұндай шағымдарды қарауға болатын заңның баптары жоқ.

Бұл үлкен проблема және оны жүйелі түрде шешу керек. Біздің адам құқықтары жөніндегі бюро бірқатар сарапшылармен бірге заң жобасын әзірледі, оны Астанада екі рет таныстырды. Қазір біз жағдайдың дамуына сақтық оптимистік көзқараспен қараймыз, өйткені осы жылдың 8 желтоқсанында Президент бекіткен адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл

жоспарында кемсітушілікке қарсы заңнама, институттар мәселелері бойынша тұрақты жұмыс тобын құру тармақтарының бірі болып табылады. Яғни, мемлекет проблеманы мойындап, осы бағытта аздап қозғала бастайды.

**– Сіз әрқашан билікке қарсы лагерь қатарына қосыласыз. Бірақ бюроньың мақсаттары мен міндеттері нақты белгіленген. Кедергі неде? Қазақстанда адам құқықтарын қорғау тұрғысынан оң процестер туралы айтуға бола ма?**

– Ең алдымен, білесіз бе, бізде «оппозиция» сөзінің жағымсыз коннотациясы бар – бұл жаман сияқты. Оппозиция – қалыпты жағдай. Оппозицияның болуы – саяси бәсекелестік үшін, демократиялық процестерді дамыту үшін, азаматтық және саяси бостандықтарды нығайту үшін қажетті шарт.

Адам құқықтары жөніндегі бюроға келетін болсақ: біздің жұмысымыздың басынан бастап біз өзімізге өте айқын меже қойдық – біз билік үшін күреспейміз. Сондықтан біз сайлауға қатыспаймыз, ешқандай саяси партиялар мен күштерді қолдамаймыз. Бірақ бұл «қызыл межені» кесіп өтпей, біз билікке қарсы пікір білдіреміз, қажет деп санаған кезде оны сынаймыз.

Жалпы, қазір билік азаматтық қоғамға, тәуелсіз саяси белсенділікке табиғи процесс емес, қауіп ретінде қарауды жалғастыруда. Бұл қауіп-қатерлерді азаматтық белсенділерге, саяси оппозицияға қысым жасау арқылы тоқтатуға тырысады және бұл азаматтық қоғамның басқа тәуелсіз салаларына да әсер етеді.

Әділдік үшін, билік кері байланыс арналарын, алаңдарды көбірек құрып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға тырысуда және тағысын тағы. Алайда, билік үшін басты міндет – бұл барлық белсенділіктің бақылауда болуы және тұрақтылыққа қауіп төндірмеуі, өйткені билік оны түсінеді.

**– Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы Сіздің көз алдыңызда жүріп жатыр. Қазақстанның Азаматтық альянсы мен басқа да қоғамдық ұйымдардың жұмысын қалай бағалайсыз? Олардың қызметіндегі оң және теріс жақтарына тоқталсаңыз.**

– Егер демократиялық елдерге қарасақ, онда біздің Азаматтық альянс сияқты ҰЕҰ бірлестіктері жоқ. Себебі азаматтық қоғам мемлекеттік саясаттың объектісі бола алмайды, ол оның субъектісі болып табылады. Қабілетті сайланбалы демократия болған кезде – азаматтық қоғам, жекелеген азаматтық белсенділер мен ұйымдар өз бетінше тиімді жұмыс істеуге, өз басымдықтарын алға жылжытуға және міндеттерді, соның ішінде билік өкілдерімен шешуге мүмкіндік алады. Қажет болса, олар



қандай да бір мәселе бойынша коалицияға біріге алады. Оларға жоғарыдан жасалған «қолшатыр» қажет емес.

Азаматтық альянс идеясы, менің түсінуімше, ҰЕҰ-ның орталықтандырылған бірлестігін, осы саланы саяси идеологиялық басқарудың белгілі бір құралын құруға, қолданыстағы мемлекеттік саясатқа сәйкес үкіметтік емес секторды дамыту қозғалысын қамтамасыз етуге деген ұмтылыстан пайда болды.

Алайда, ҚАА жағымды жақтары бар. Біріншіден, бұл билікке белгілі бір қолжетімділік, мемлекет пен халық арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, қажетті жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі. ҚАА кіретін көптеген ұйымдар өте маңызды міндеттерді орындайды, жақсы көлденең байланыстар жасайды, азаматтық желі пайда болады, әлеуметтік және басқа да мәселелер шешіледі.

**– Бюро қазақстандық ҰЕҰ-мен қандай салаларда байланыста болады және Сіздің ойыңызша, соңғы жылдары үшінші сектор қалай өзгерді?**

– Бюроның белгілі бір мүдделер саласы бар – бұл саяси құқықтар мен азаматтық бостандықтарды қорғау және біз мақсаттары мен міндеттері біздікімен қиылысатындарға ашықпыз және жұмыс істейміз. Біз ондаған, тіпті жүздеген әр түрлі ҰЕҰ-мен жұмыс істейміз – орталық және өңірлік деңгейде, өйткені бюроның 12 өңірлік филиалы бар. Негізінде біз әлеуметтік, экономикалық

және мәдени құқықтармен айналысатын ұйымдармен тығыз байланыста боламыз.

«Үшінші секторды» дамытуға келетін болсақ, мен бұл терминнің өте даулы екенін және қазір одан бас тартып жатқанын байқаймын. Ол мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғамның қызмет салаларын қандай да бір түрде бөлуге және құрылымдауға деген ұмтылыстан пайда болды. Бірақ бұл бөлу өте жасанды және даулы: бизнестің қоғамдық мүдделері бар, мемлекеттік секторда жұмыс істейтіндердің қоғамдық мүдделері бар.

Сондықтан мен «үшінші сектор» – оның институттандырылған формаларының жиынтығы ретінде құрамына кіретін азаматтық қоғамның дамуы туралы көбірек айтқым келеді.

Соңғы бірнеше жылда, 2016-2019 жылдардан бастап, мен жастардың жанданғанын, оның қоғамдық-саяси мүдделері едәуір күшейе бастағанын, ол жалпы қоғамдық игілікке көбірек қызығушылық танытып, қамқорлық жасай бастағанын, саясатқа қызығушылық таныта бастағанын қанағаттана бақылаймын.

Бұл процесте көп нәрсе саяси мәнмәтінге байланысты. Азаматтық қоғамның шынымен тиімді дамуы үшін саяси реформалар, демократияландыру, инклюзивтілік, билік пен қоғамның өзара әрекеттесу құралдары, еркін және тәуелсіз пікір білдіру, сын айту үшін кеңістікті кеңейту және азаматтардың шешім қабылдауға қатысуына көбірек мүмкіндіктер қажет.

# Айгүл Соловьева:

# Азаматтық альянс

## мемлекеттің стратегиялық серіктесіне айналуы тиіс

**Қоғам қайраткері Қазақстанның Азаматтық альянсының қалыптасуы және оның соңғы 20 жылда қалай өзгергені туралы айтып берді.**

**Б**иыл Қазақстанның XI Азаматтық форумы өтті, ол 2003 жылдан бастап екі жылда бір рет жиналып, еліміздің барлық өңірлерінен үкіметтік емес сектор өкілдерін бір ту астына біріктіреді.

Форумның негізгі ұйымдастырушысы – жиырма жылдан бері республиканың ірі азаматтық ұйымы болып келе жатқан Қазақстанның Азаматтық альянсы. ҚАА сындарлы диалог, өзекті мәселелерді талқылау және елді одан әрі дамыту жолдарын табу арқылы қоғамның, билік пен бизнестің әріптестігі үшін алаң ретінде әрекет етеді.

Біз ҚАА негізін қалаушылардың бірі – «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ Басқарма төрайымы Айгүл Соловьевамен осы ұйымды құру және оның соңғы екі онжылдықта жүріп өткен жолы туралы әңгімелестік.

**– Қазақстанның Азаматтық альянсы – бұл біздің азаматтық секторымызда бүкіл ел бойынша ҰЕҰ біріктіретін ең ірі ұйым, және Сіз оны құрудың бастауында тұрдыңыз, 2006-2013 жылдары төрайым болдыңыз. Оны құру идеясы қалай пайда болды және бастапқы кезде қалыптасу қалай жүрді?**

– 2000 жылдардың басында өзара тиімді ынтымақтастық үшін ҰЕҰ-ны Қазақстанның Азаматтық альянсына біріктіруге қабілетті, мемлекеттің стратегиялық серіктесі рөлін іс жүзінде орындайтын ұйым құру идеясы пісіп-жетілді. Тәуелсіз мемлекет құрудың алғашқы күндерінде қоғамдағы жағдай еркін болды және оппозициялық топтар аз болған жоқ, тіпті, оларға белгілі бір нәрсе ұнамағаны үшін емес, биліктің бәрі жаман қағидаты бойынша.

Осы кезеңде Атырауда мұнай бизнесін дамыту мен кен орындарын игеру салдарынан Каспийге төнген қауіп-қатерлерге наразы болған көптеген экологиялық ұйымдар болғаны есімде. Осы орайда олар баламалы Альянс жариялады және сол кезде мен ҚАА тең төрағасы болғандықтан, олармен кездесіп, бірге сұрақтарды өткір қоя алатынымызды жеткізуге тырыстым. Алайда, осы процесте билікпен байланыс орнатпаса, диалог пен өзара сенім болмаса, туындайтын және бар проблемаларды шешу қиын болады. Нәтижесінде бірге жұмыс істеуге келістік.

Қазақстанның Азаматтық альянсын ұйымдастыру және оған кіру процесі күрделі болды, бірақ бірінші Азаматтық форумда оның құрылғаны туралы жарияланып, негізгі тезис билік, бизнес және қоғам серіктестігі деп жарияланды. Екінші форумда мен альянстың президенті болдым. ҰЕҰ оған басталған әзірлемелерімен

**Айгүл Соловьева**

«Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ Басқарма төрайымы



және өзінің белсенді қызметіне деген көзқарасымен келді, оны жүзеге асыру оңай болған жоқ. Сол кезде депутаттар, мемлекеттік органдардың басшылары және бизнес олар үшін ҰЕҰ мен азаматтық сектор белгісіз нәрсе екенін және тіпті, беймәлім ұшатын нысанға ұқсатанын мойындады.

Алайда, форумдар жағдайды өзгерте бастады, ҰЕҰ жұмысын корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде бюджеттегі жол ретінде қарастырған кәсіпкерлік қоғамдастық бізге жобалық тәсілді ұсына бастады. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл негізінен шешім қабылдауға ықпал ету мәселелеріне бағытталды және ол үшін арнайы алаңдарды енгізу басталды. Онда олардың өкілдері қоғам қайраткерлерімен ұйымдастырылған кездесулер арқылы өзекті мәселелер мен проблемаларды ең жоғары деңгейде талқылады. Бастапқыда үкіметтік емес ұйымдар білім беру, әлеуметтік қорғау, қорғаныс және т.б. сияқты қызмет салалары бойынша бөлінді. Әрбір мүдделі ҰЕҰ бейіні бойынша министрлермен кездесті.

Үшінші форумда министрлердің немесе олардың орынбасарларының алдыңғы Азаматтық форумда берілген қоғам белсенділерінің ұсыныстары аясында атқарылған жұмыстар туралы есебі қолданылды, сондықтан байланыс деңгейі

### АЗАМАТТЫҚ АЛЬЯНС АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР- ДАҒЫ НАҒЫЗ КӨШ- БАСШЫЛАРДЫҢ ӨСУІ ҮШІН ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

өте жоғары болды деп нық айта аламын. Бірінші форумнан бастап құрметті қонақтар қатарында Президент, Премьер-министр, Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болды. Министрлер туралы айтпағанның өзінде. Әрдайым Президент Әкімшілігінің өкілдері қатысты.

Әр форум сайын қоғам белсенділерінің әлеуеті артып, даму жолында ынтымақтастық нығайды. Олардың арасында ҰЕҰ құрылымындағы өзгерістер серпіні және олардың жетістіктері бойынша сандық индикаторлар негізінде талдау жүргізілді. Қазіргі уақытта ҰЕҰ үшін әлеуметтік тапсырыс қалыпты жағдайға айналды, бірақ біз оның қажеттілігін дәлелдеп, оны іске қосу тетігін пысықтаған кезең болды. Осының арқасында қоғамның құрылымы үкіметтік емес сектордың қолдауына мұқтаж әлеуметтік, білім беру және тұтынушылардың сұраныстарына мамандандырылған бағдарламалар тарапына қарай түрлене бастады.

Негізгі мақсат биліктің есеп беруіне, әлеуметтік шиеленісті азайтуға және адамдардың қажеттіліктеріне назар аудару үшін жергілікті өзін-өзі басқару мен қоғамдық бақылауды дамытуға бағытталған.

**– Осы 20 жылда азаматтық сектор қалай өзгерді? Ол күшейе түсті ме?**

– Егер азаматтық қоғам мен оның қатысушыларын дамытудың бірінші тұжырымдамасының анықтамасына сүйенетін болсақ, себебін кейінгілерін аса қабылдамаймын, менің көзқарасымша, бұл өте серпінді

және жан-жақты. Алайда, нақты сандық және сапалық индикаторлармен алға қойылған мақсатқа жету үшін дәйекті қадамдар үшін жол картасы ретінде стратегияны әзірлеу орынды болар еді деп санаймын.

Республикалық Азаматтық альянс ҰЕҰ-ны шоғырландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде және оны біріктіру мен өсіру үшін көптеген тетіктерді қолданады. Мен оның жұмысын қадағалаймын және жаңа тәсілдерді, кейде тіпті инновациялық сипатты көремін. ҚАА ашық және халықаралық ұйымдармен және олардан сарапшылармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Сапалы мазмұнмен толтырылған телеграмм каналдар, әлеуметтік желілер түріндегі қызықты ақпараттық ресурстар және басқа да құралдар қосылады, көптеген мәселелер бойынша оқыту

семинарлары өткізіледі. Қоғамдық кеңестермен, өңірлік ҚАА өкілдігімен жұмысты қоса алғанда. Менің ойымша, олар көтерген сұрақтар жүйені жақсартуға көмектеседі. ҮЕҰ оқыту үшін академияны іске қосты – бұл жаңадан құрылып жатқан ұйымдарды тартудың және жұмыс істеп тұрған ұйымдарды жетілдірудің дәйекті тетігі. Бұл қызығушылықты арттыруға және білімнің сапалы әлеуетін ұлғайтуға ықпал етеді.

Азаматтық альянс азаматтық сектордағы нағыз көшбасшылардың өсуі үшін ортаны қалыптастырады, бірақ ҚАА жаңа шындықтар мен өзі азаматтық сектор үшін көшбасшылықтың трендтерін ескере отырып, көлденең байланыстарды дамытуы тиіс. Осыған байланысты, ҚАА мүшелерінің көпшілігі әлеуметтік тапсырысқа қамалғанын және жұртшылық қызметінің басқа деңгейінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін сарапшылық бағалауды әрдайым орындай бермейтінін атап өткім келеді. Мысалы, күрделі далалық жағдайларда өскен азаматтық сектормен және ҚАА жылыжайында шығарылған азаматтық секторды салыстыратын болсақ, онда біріншілерінде артықшылық болады, өйткені олар еркін және мемлекеттік органдарға қатысты емес. ҚАА кірген ҮЕҰ іс жүзінде талдауды пайдаланбайды және шешім қабылдау деңгейіне лайықты әсер етпейді, олар үшін неғұрлым нәзік ұстаныммен және келісім саясаты тән.

**– ҮЕҰ, мемлекет және бизнес триадасына тоқталсаңыз. Олар, шынымен де, серіктеске айналды ма?**

– Әрине, мемлекет пен депутаттар үкіметтік емес ұйымдарға мұқият бола бастады және билікте ҮЕҰ-ның маңыздылығын, үлесін түсініп, қоғамдық пікірге құлақ аса бастады. Қоғам ұсынған идеялар НҚА және басқа тетіктер арқылы жүзеге асырылады, мысалы, қоғамдық кеңестер мен бақылау, қайырымдылық және демеушілік туралы заңдар және басқалар. Ортада, ірі де бизнес ҮЕҰ-мен өзара іс-қимылды күшейтті және олардың күш-жігері айқын, өйткені олар бұрын әкімдіктердің тілектерін қанағаттандырды. Мысалы, Атырауда осылай болды: ақша нақты объектілерге бөлінді, кейін бәрі ұмытылып, жүйелі жұмыс болмады.

Бір кездері ҚАА ҮЕҰ үшін қоршаған орта бойынша жекелеген бизнес бюджеттері, әр

түрлі бағыттар бойынша белгілі бір нәтижеге бағдарланған ұзақ мерзімді әлеуметтік жобалар тақырыбын белсенді түрде насихаттады. Осы кезеңде жағдай өзгерді және ынтымақтастық өрісі кеңейді, бизнес қайырымдылыққа және жалпы оларға әрі олардың компанияларына деген көзқарасты жақсартуға көмектесетін жобаларға шоғырланды. Қазақстанның Азаматтық альянсы өз тарапынан ҮЕҰ-ның оның мүшелері ұстанатын нақты рәсімдер мен ережелермен өзара іс-қимыл жасау алаңы болып табылатыны түсінікті. Ол барлық ұйымдарды «сіңіре» алмайды, бірақ мүдделі тараптар арасында пайдалы байланыстарды және оларды іске асыру мақсатында маңызды бастамаларды дамытуға жәрдемдеседі.

Азаматтық альянс мемлекеттің стратегиялық серіктесі мәртебесін алуы керек деп нық сенімді, өйткені ол заңнамада, әсіресе барлық мүдделі тараптармен жұмыс істеу кезінде бекітілген. Белгілі бір дәрежеде бостандыққа қол жеткізу үшін жеке сектор мен мемлекеттік органдарды қоса алғанда. Бұл ретте өз қызметін, мысалы, Азаматтық форумдарды өткізген кезде де, артқа қарайламай жүргізу керек. Өз мүшелерімен немесе жаңадан бастаған ҮЕҰ-мен, тіпті облыстық, аудандық және ауылдық ұйымдармен бәсекелестікке түспеу, қоғамдық сектордың жұмыс істеу сапасын қамтамасыз ету.

Бұған қосымша ҚАА ҮЕҰ гранттарын олардың жобаларына бейтарап бөлу үшін әлеуметтік тапсырысты іске асыру тетігі жөніндегі идеяны іске асыруға қол жеткізуі қажет. Бұл жағдайда осы тетікке ашықтық, айқындық және жариялылық беруге болады.

**– Биыл XI-ші Азаматтық форум өтті. Сіз оны қалай бағалайсыз және ұйымды дамыту ісін жалғастыратындар қандай тілегіңіз бар?**

– Бірінші кезекте, азаматтық сектордағы көлденең байланыстарды жетілдіру және күшейту бойынша одан әрі жұмыста табыс тілеймін. Ел өмірінде жетілу әлеуетін және сапалы ықпалын арттыру үшін сауатты ұсыныстар ұсыну және тұжырымдау бойынша сарапшылармен диалог алаңдарын дамыту.

20 жыл – тарихта онша көп емес, бірақ даму үшін алға жылжу керек. Өз тарапымнан мен де өз мүмкіндіктеріме байланысты көмек көрсет-





темін. Мен бұл процеске белсенді қатысамын, өйткені азаматтық және қоғамдық ұстаным ешкімді бей-жай қалдырмайды және өз жетілуін көрсету үшін тетіктер қазірдің өзінде жасалған. Алайда, қоғам өз тарапынан кәсіби көзқарасты басшылыққа алып, өзінің ықпалын көрсету үшін жетілген және барабар ұстанымды қалыптастыруы тиіс.

Өткен Азаматтық форум, менің ойымша, игі тақырып – тұрақты даму мақсаттарын жариялады. Олар 17 және олардың барлығы адамдардың мүдделерін қозғайды, ал ұзақ мерзімді әсерлер негізгі болып табылады. Мысалы, кедейлікпен күресу, білімге қол жеткізу, суға қол жеткізу, қоршаған орта және басқалары. Сондықтан қоғам қайраткерлері болмағанда, онымен кім жұмыс істеуі керек?

Форумда сондай-ақ қоғамдық кеңестер талқыланды, өйткені бұл – жай отырыс пен ен-

жар қатысу емес, мемлекеттік органдардың барлық жұмысына мониторинг жүргізу, сол себепті шенеуніктер олардың жұмысына белсенді түрде ден қоюы тиіс. Сонымен қатар, мен әр форумнан кейін өзгерістердің сандық және сапалық көрсеткіштерін қолдана отырып, жетістіктердің нәтижелерін өлшеу маңызды екеніне назар аударғым келеді. Мемлекеттік органдардың қабылдаған шешімдеріне ҰЕҰ қызметінің түрлі деңгейлері мен салаларына әсер ету дәрежесін бағалаумен, бұл өз жұмысын және оның бағыттарын түзетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, мен Қазақстанның Азаматтық альянсына келесі форумға дейін мемлекеттің стратегиялық серіктесі мәртебесіне ие болуға және қоғамның сұраныстарына сүйене отырып, шешімдер қабылдау деңгейінде ықпал ету құралдарын қалыптастыру үшін қаржылық тәуелсіздік алуға тілектеспін.

Талғат Қалиев:

# Азаматтық қоғам – өзгерістер агенті



**Болашақтың бейнесі мен Жаңа Қазақстанның сұлбасы нақты айқындалған – бұл күшті азаматтық қоғамы бар тиімді мемлекет. Бүгінгі күні оның институттары қандай рөл атқарады және оның даму перспективалары қандай – біз бұл туралы ҚР Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры, саясаттанушы Талғат Қалиевпен әңгімелесеміз.**

**– Талғат Бегімұлы, Сіздің ойыңызша, азаматтық қоғамның рөлі қандай және оның Қазақстандағы дамуына қандай баға бересіз?**

– Азаматтық қоғам – бұл кез келген ұлттың тірегі, оның ең белсенді бөлігі, ол әрқашан өмірдің барлық салаларында кез келген өзгерістердің қозғаушы күші болып табылады. Егер қоғам сауығу бағдарын алуға шешім қабылдаса, онда салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты ілгерілету бойынша белсенділер бірінші орынға шығады. Егер ұлт ағартушы болғысы келсе, онда – білім беру саласындағы белсенділер шығады және тағысын тағы.

Жалпы, кез келген қоғам бір уақытта барлық салада өз өмірін жақсартуға тырысады. Сондықтан барлық бағыттағы белсенділер сұранысқа ие.

Азаматтық белсенділер өз құзыреттеріне қарай өмірдің барлық салаларымен айналысуы керек – біреу саяси партия құрады, біреу экологияны құтқарады, біреу тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерімен айналысады... Және олар бірге қоғамды өзгертеді. Тарихты енжар көпшілік емес, белсенді азшылық жазады.

Сондықтан адамзат тарихындағы азаматтық қоғамның рөлін асыра бағалау қиын. Тиісінше,


егер бүгін біз ауқымды трансформация кезеңін бастан өткеріп жатқан Қазақстан туралы айтатын болсақ, онда ең дұрысы азаматтық қоғам – бұл қоғамды дамудың қандай да бір аса прогрессивті модельдеріне, жаңа жаңғыртылған құндылықтарға, прогреске бұруға дайын сол сыни массаны құруға қабілетті өзгерістер агенттері.

Біз тек ішкі трансформация жағдайында ғана емес, трансформациялық әлем жағдайында да өмір сүріп жатырмыз. Бір жағынан, біз ескі әлемдік тәртіптің құлдырап жатқанын көреміз. Екінші жағынан, өркениет ретінде біз әлеуметтік формацияның өзгеруін, постиндустриалдыдан цифрлық қоғам форматына көшуді бастан кешіріп жатырмыз. Оның контурлары қандай болады, ешкім әлі болжай алмайды. Бірақ біз санамызды қалпына келтіруге дайын болуымыз керек.

**– Басқарудың суперпрезиденттік нысаны қазақстандықтардың азаматтық белсенділігі мен саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал еткен жоқ. Үкіметтік емес сектор, әрине, болған, бірақ сәндік сипатта болды және қоғамда әлеуметтік инфантилизм көрініс берді. Қайғылы қаңтар жағдайды қаншалықты өзгертті?**

– Біз тоталитарлық қоғамнан шықтық және қандай да бір тарихи кезеңде жауапкершіліктің барлық ауыртпалығын өз мойнымызға ала алмадық. Инфантилизм мен патернализм бізге кеңес қоғамынан өтті. Азаматтық сауатсыздықтың вакуумы қалыптасты, бізде азаматтық мінез-құлық дағдылары болған жоқ.

1990-шы жылдары қоғамды шебер түрде көрсету – бұл «митингшілік» деп аталатын нәрсе,



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР  
ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМҒА  
БЕЙІМДЕЛУДІҢ  
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІН  
КӨРСЕТУДЕ

Жалпы алғанда, қазақстандықтар осы жаңа шындыққа жақсы бейімделеді. Келген шетелдіктер біздің қоғамды цифрландыру деңгейіне таң қалады, өйткені бізде қолма-қол ақшамен емес, банктік төлем жүйелерін пайдаланады, онлайн рейстерге тіркеледі, коммуналдық қызметтерді қашықтан төлейді.

Қазақстандықтар цифрлық қоғамға бейімделудің жоғары деңгейін көрсетуде. Бірақ біз тек қолданушылар ғана емес, осы процестің белсенді қатысушылары, IT-стартаптар құратын, өздерінің креативті тобын, бизнес-элиталарын, шығармашылық элиталарын дамытатын қоғам болуымыз керек. Және бұл – әрдайым азаматтық қоғам агенттері.

онда адамдар митингтерге шығып, ешкімге, соның ішінде өздеріне де құлақ аспады. Бірде-бір митинг сындарлы түрде аяқталған жоқ, тек билікке наразылық білдіру және ұзақ мерзімді өзгерістер мақсатында емес, лездік пайда табу үшін өткізілді.

Азаматтық енжарлықтың дәл осы вакуумы барлық салаларды, соның ішінде азаматтық бақылауды өз қолына алған билікке тола бастады, өйткені сол кезде азаматтық қоғамның өзі жеткіліксіз болды.

Бір мезгілде бізде «Болашақ» бағдарламасы іске асырылды, ол бойынша 15 мыңға жуық қазақстандық шетелде білім алды. Белгілі бір сыни масса – жаңа жолмен өмір сүргісі келетін жаңа буын өкілдері пайда болды.

Бірақ ескі басқару моделі бәрін сол қалпында сақтауға қызығушылық танытты. Шын мәнінде, соңғы онжылдықтарда біз саяси, экономикалық және барлық басқа процестерді сақтау жағдайында өмір сүрдік. Элиталардың айналымы, басқару класының жаңаруы болған жоқ, белгілі бір билеуші тап пайда болды, ол өз орнын бергісі келмеді.

Сайып келгенде, жаппай наразылыққа әкелген жүйелік қайшылықтар пайда болды. Оған төңкеріс әрекеті үстемеленді.

Жаппай наразылық азаматтық қоғамның жетілмегендігін көрсетті. Ол басқарылмайтын, стихиялы болды. Мұндай топты белгілі бір техниканы иеленген кез келген адам оңай басқара алады. Жалпы, бұдан әрі болған оқиғалар – ғимараттарды басып алу, тонаушылық – бұл арнайы психотехника мен саяси технологияларды қолданудың нәтижесі.

Бұл сәтте көпшілікке шығып, наразылықты бейбіт диалогтың сындарлы түріне айналдыра алатын азаматтық қоғамның беделді акторлары болған жоқ. Және біз осы трагедияны алдық. Азаматтық қоғам осы уақытқа дейін өзінде танымал, беделі мен сенімі бар көшбасшылардың жеткілікті санын қалыптастырып үлгермеді.

Алайда, Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары 2019 жылы, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құруға бастамашы болған кезден басталды, оның шеңберінде саяси реформалардың төрт пакеті дайындалды. Бұл тұрғыда Кантар да, басқа оқиғалар да реформалау процесіне түбегейлі әсер еткен жоқ.

Бұл процесс төрт жыл бойы дәйекті және мақсатты түрде жүргізілді. Керісінше, реформалардан бас тартуға әсер етуі мүмкін көптеген оқиғалар болды – Арыс қоймаларындағы жарылыстар, Алматы маңындағы ұшақ апаты, пандемия...

Оларды біздің қоғамның билік өкілеттіктерінің бір бөлігін қабылдауға дайын еместігімен түсіндіруге болады. Дегенмен, Президент өз жоспарларында дәйекті болды. Реформа бағдары баяулаудың орнына қарқын алды.

Өткен жылы Конституция үштен біріне өзгертілді, оның ең тұжырымдамалық ұстанымдары – биліктің өзін-өзі шектеуі, Парламент пен мәслихаттарды күшейтуге өкілеттіктер бөлу. Біз күшті азаматтық қоғамның қалыптасуына, саяси партиялардың ықпалын күшейтуге, кәсіби саясаткерлердің пайда болуына жағдай жасайтын түбегейлі өзгерістерге қол жеткіздік.

**– Сіз өзіңіз Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі болдыңыз, Ұлттық құрылтай құрамында болдыңыз. Сөзіңізге құлақ астырта аласыз ба?**

– Әрине! ҰҚСК шеңберінде барлық реформалар бойынша қызу пікірталастар өтті. Қабылданған барлық өзгерістер бәтуаға келу, қызу даулардың нәтижесі болып табылады. Қоғамдық отырыстар – офлайн және онлайн форматтағы көптеген талқылаулардың соңғы бөлігі ғана.

Біздің бастамаларымыз бен ұсыныстарымыздың басым көпшілігі реформалар пакетіне енді. Сондықтан әр түрлі топтар мен саяси көзқарастардың өкілдері естілді деп айтуға болады.

**– Әлі күнге дейін жасанды түрде құрылған ҰЕҰ, белсенді емес немесе тек мемлекеттік «астауға» жабықсыз келетіндер аз емес. Олардың кейбіреулері халықпен жақсы байланыс орнатуға қабілетті емес, ал басқаларында ресурстар мен білікті кадрлар жетіспейді. Азаматтық сектор проблемасын шешу үшін не қажет?**

– Менің ойымша, бірінші кезекте, ҰЕҰ қызметінде қайырымдылық пен демеушілікті ынталандыру қажет. Мұндай жобаларға демеушілік жасауға дайын кәсіпкерлерге қандай да бір салықтық жеңілдіктер енгізілуі мүмкін. Сол арқылы бизнестің үкіметтік емес секторды қаржыландыруға белсенді қатысуына ықпал ету қажет.

Бұл, шынымен, жұмыс істейтін белсенді ҰЕҰ ны іріктеуге мүмкіндік береді. Олар танымал болады, елеулі бэкграунд мен беделге ие болады және сәйкесінше демеушілердің қолдауына үміттенеді. Әрекетке қабілетсіз және ресми түрде жұмыс істейтін ҰЕҰ ешқашан нарықта ақша жинай алмайды.

Мемлекет бизнестің осы міндеттемені қабылдауы үшін қолдау шараларын біртіндеп қысқартуы керек. Сол кезде бизнес азаматтық қоғамның бір бөлігіне айналады.

**– Сіздің ойыңызша, халықтың азаматтық белсенділігін арттыруға не ықпал етеді?**

– Үкіметтік емес сектордың басты функцияларының бірі – білім беру, азаматтық белсенділік дағдыларын үйрету, өңірлерде, оның ішінде жаңа мүшелерді тарту үшін неғұрлым белсенді жұмыс істеу. Бұл халықтың азаматтық белсенділігін арттыруға, азаматтарды сайланбалы

рәсімдерге, жергілікті жерлерде атқарушы және өкілді биліктің қызметін бақылауға тартуға және сол арқылы өз өмірі мен елін басқару процесіне азаматтық қатысуды арттыруға мүмкіндік береді.

ҮЕҰ-ның бұл үдерістегі рөлі баға жетпес. Алашорда тәжірибесіне қайта оралсақ, бастапқыда алашордалықтардың басты идеясы дала халқын құқықтық жағынан сауатты ағарту болды. Билер сотына негізделген дала құқығы патшалық Ресей отарлағаннан кейін болыстық судьялар институтымен алмастырылды және жергілікті тұрғындар үшін бұл өте маңызды проблема болды.

Қазақтарды жерсіздендіру басталды, өйткені олар соттарда жеңіліс тапты. Алашордалықтар құқықтық ағартушылықпен айналыса бастады. Яғни, біздің қоғам үшін саясаткерлер мен

азаматтық қоғам өкілдерінің мұндай қызметі дәстүрлі болып табылады.

Қазақстандағы азаматтық қоғам сөзсіз дамитын болады. Мәселе қандай қағидат бойынша екендігінде. Ол жаһандық күн тәртібі басым халықаралық желілік ұйымдар қағидаты бойынша трансұлттық бола ма? Немесе климаттың өзгеруі сияқты жаһандық күн тәртібін ілгерілету және елдегі әрбір стихиялық полигонмен күресу кезінде мемлекетішілік қағидат бойынша немесе тіпті, аралас қағидат бойынша дами ма?

Әрине, бұл ҮЕҰ-ның әр алуан түрлері болады және олардың дамуына цифрлық технологиялар ықпал етеді. Өйткені, қарапайым түрде бүгін жиналу үшін ҮЕҰ өкілдеріне Zoom арқылы кездесу ұйымдастыру жеткілікті. Барлық процестер жеделдеуде және кеше жылдар қажет болған нәрсені енді бірнеше күнде жасауға болады.



**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ  
СӨЗСІЗ ДАМИТЫН  
БОЛАДЫ. МӘСЕЛЕ  
ҚАНДАЙ ҚАҒИДАТ  
БОЙЫНША ЕКЕНДІГІНДЕ**





Жеміс Тұрмағамбетова:

# Әрбір азаматтың естілуге құқығы бар

**С**ындарлы диалог пен азаматтық шоғырландырудың арқасында біздің еліміз адам құқықтарын қорғау жүйесін байыпты нығайта отырып, елді саяси жаңғырту мен демократияландыруда елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Заң мен тәртіп азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырудың негізгі факторына айналуы тиіс. Бұл ретте қоғамдық құқық қорғау ұйымдарына айтарлықтай рөл беріледі. Еліміздегі ең танымалдардың бірі – «Адам құқықтары үшін хартиясы» ҚҚ, біз оның атқарушы директоры Жеміс Тұрмағамбетовамен әңгімелестік.

**– Жеміс Өтегенқызы, Сіздің құқық қорғау қызметіңіз шамамен үш жарым онжылдықты құрайды. Барлығы қалай басталды?**

– 1980 жылдардың басында мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың жылынуы байқалды. Алматыда қоғамдық топтар, саяси партиялар белсенді түрде құрылды. Нина Константиновна Фокина екеуміз 1975 жылғы Хельсинки келісімдерін орындау бойынша Алматы Хельсинки тобының бейресми бірлестігін құрдық.

Содан кейін мен КСРО Халық депутаттарының бірінші съезінде сөз сөйлеп, 1986 жылғы желтоқсандағы Алматыдағы оқиғаларды тергеу жөніндегі арнайы комиссия құруды талап еткен Мұхтар Шахановқа көмектесуге өз еркіммен бардым. Мен оның құрамына кірдім және жұмыс топтарының бірін басқардым.

1993 жылы Евгений Александрович Жовтиспен бірге біз адам құқықтары жөніндегі Қазақстан-Америка бюросын ұйымдастырдық, ол кейінірек халықаралық деп қайта аталды. Сол кезде Алматыда халықаралық сот реформасы бойынша алғашқы конференция өтті.

Содан бері мен сотталғандардың құқықтарымен айналысамын, тек онымен ғана емес. Құқық қорғау ұйымдарының санын көбейту үшін мен бөлініп, 2006 жылдың бірінші қаңтарынан бастап «Адам құқықтары үшін хартиясы» қоғамдық қорын құрдым.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ТҮСІNETІН ДИПЛОМАТ РЕТİNДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕРІКТІ САЯСИ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ ЖӘНЕ ӨЛІМ ЖАЗАСЫН ЖОЮҒА БАҒЫТТАЛҒАН АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТІГЕ ЕКІНШІ ФАКУЛЬТАТИВТІК ХАТТАМАНЫ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.**

**– Сіз өлім жазасына мораторий енгізу және одан бас тарту бастамашыларының бірі болдыңыз. Сол күрес жылдары несімен есте қалды?**

– Мен бұл күресті 1995 жылы КТК телеарнасында тергеу изоляторында түсірілген сюжетті көргенде, өлім жазасы үкімін орындау желкеден ату арқылы орындалатынын білген кезде бастадым. 1990 жылдары жылына 60-тан 70-ке дейін үкім шығарылды, пайыз өте үлкен болды. Халықтың үлесіне сотталғандар саны бойынша біздің еліміз АҚШ пен Ресейден кейін әлемде үшінші орында.

Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 2004 жылдың бірінші қаңтарынан бастап өлім жазасына мораторий енгізілді. Ең жоғары жаза берілетін баптар саны бірде азайып, бірде көбейіп, 22-ге жетті!

Алдымен, мемлекеттік органдар мені түсінбеді, олар неге оларды өмір бойы ұстау керек дейді. Бірақ мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында сөз сөйледім, ал 2020 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев мені қабылдап, мен оған өз ұстанымымды айттым.

Халықаралық құқықты түсінетін дипломат ретінде Мемлекет басшысы ерікті саяси шешім қабылдады және өлім жазасын жоюға бағытталған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екінші факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойды. Саяси және адам құқықтары жөніндегі

халықаралық ортада бұл қадам мақұлдаумен қабылданды. Қазақстан халқының 70 пайызы бұл шешіммен келіспеуі мүмкін. Бірақ әлемнің ешбір жерінде өлім жазасынан бас тарту плебисцит арқылы жүзеге асырылмайды, бұл Мемлекет басшысының саяси шешімі және біз оны қабылдадық.

**– Тергеу изоляторлары мен түзеу мекемелерінің бастықтары ведомстволық тексерулерден гөрі Сіздің инспекцияңыздан қорқады дейді...**

– Менің ойымша, олар онша қорықпайды. Тек олармен жұмыс істей білу, сендіру, ортақ тіл табу керек. Өйткені, біз бәріміз бір елдің азаматтарымыз.

Мен бұл мониторингті отыз жылға жуық уақыт бойы жүргізіп келемін және не, қайда және қалай екенін білемін. Осы жұмыстың нәтижесінде көптеген заңнамалық түзетулер мен өзгерістер қабылданды. Егер 1990-2000 жылдардағы пенитенциарлық жүйені бүгінгі күнмен салыстыратын болсақ, онда жағдай әлдеқайда жақсарды.

Жалғыз нәрсе, біз сотталғандарды жеке камераға ұстауға қол жеткізе алмадық, олар әлі де отрядтармен ұсталады. Біздің түзеу мекемелері ұзақ уақыт бойы жөндеуді ғана емес, дәл бұзуды талап етті. Сондықтан, иә, егер мен кейбір жағымсыз тұстарды байқасам, онда мен бұл туралы тікелей айтамын.

**КЕЗ КЕЛГЕН АДАМҒА, ОЛ НЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАСА ДА, ӨЗ ТЕҢІНДЕЙ ҚАРАУ КЕРЕК**



Сотталғандарға келетін болсақ, мен олармен ақырын сөйлесемін, олар маған сенеді. Кез келген адамға, ол не қылмыс жасаса да, өз теңіңдей қарау керек. Сотталғандар жасаған істері үшін жазасын алды – бас бостандығынан айырылды. Осымен болды. Әрі қарай, олар бір күні бостандыққа шығады және қоғамда болады деп ойлау керек. Көп нәрсе, соның ішінде қоғамдағы көңіл-күй олардың қандай көңіл-күймен шығатынына байланысты.

Азаптаудың алдын алу бойынша ұлттық алдын алу тетігін (ҰАТ) құру да мониторингтің нәтижесі болып табылады. Қазір оның мүшесі болғысы келетіндер, түрмелерге барғысы келетіндер көп. Бірақ кейде адамдар бұл экскурсия емес екенін түсінбейді, бұл күнделікті қиын жұмыс – кездесулер, талқылаулар, есептер жазу, олар нәтижесінде жағдайдың жақсаруына әкелуі керек.

**– Сіз адам құқықтары саласындағы заңнама мен құқық қолдану практикасын жиі сынға алдыңыз. Бүгінгі жағдай қалай?**

– Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы көп нәрсені түзетуге мүмкіндік берді. Мен ғана емес, басқа құқық қорғаушылар да, қарапайым азаматтар да өз ұсыныстарын билікке жеткізуге мүмкіндік алды.

Бүгінгі күні біз тұрақты дамуға бет алдық деп айта аламын. Өлім жазасы толығымен жойылды, қоғамдық бақылау туралы заң қабылданды.

Биыл алғаш рет қатыгездік қарым-қатынас ұғымын енгізген және ол үшін қылмыстық жаза қарастырылған заң қабылданды. Халықаралық стандарттарға сәйкес азаптаулар мен қатыгездік қатынас үшін жауаптылық шаралары белгіленді, азаптау жөніндегі істер прокуратура органдарына берілді, ал қатыгездік фактілерін тергеп-тексеруді прокуратурамен келісім бойынша ішкі істер органдары жүзеге асыратын болады. Яғни, қоғам белгілі бір заңнамалық бастамалардың және одан әрі заңдардың қабылдануына әсер ете бастайды.

**– Таяу болашақта мемлекет пен үкіметтік емес сектордың диалогын қалай көресіз?**

– 2023 жылғы сегізінші желтоқсанда Президент адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарын бекітті. Онда қозғалған барлық мәселелерді – ерлер мен әйелдердің

тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету, әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою, бала құқықтары, азаптаулар мен қатыгездіктің алдын алу, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды әлеуметтендіру, бірлестіктер бостандығына құқық – азаматтық қоғамды көтерді.

Жоспар оның өкілдерінің айтқанына толығымен жауап береді. Яғни, бізді билік естиді. Осыған байланысты мен алға оң көзқараспен қараймын. Жалғыз нәрсе, жергілікті жерлерде мемлекеттік органдар әрқашан бәрін түсіне бермейді.

Жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері кабинеттерде отырмай, адамдар бар жерге баруы керек. Бірақ азаматтар өздері белсенді болуы керек, Некрасовтағы сияқты «қожайын келіп, шешімін табады» деп күтпеуі керек. Біз сұрақтар қоюды үйренуіміз керек, оларды шешу жолдарын ұсынуымыз керек. Мұнда қоғамдық кеңестер құрылды – олар арқылы жұмыс істеу керек. Әрбір азаматтың естілуге құқығы бар.

**– Мониторингте Сізге қандай отандық ҮЕҰ көмектеседі?**

– Адам құқықтары жөніндегі барлық тіркелген қоғамдық ұйымдар өзара іс-қимыл жасайды, мұндай ұйымдар өте көп. Қазір мониторинг полиция учаскелерінде, тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында жүргізілуде. Медициналық мекемелерде, мектеп және мектепке дейінгі ұйымдарда бақылаумен айналысатындар бар. Қоғам жинақталған проблемаларды шешуге белсенді түрде қосылды және билік бұған жауап бере бастады.

Менімен бірге жұмысты бастап, жалғастырығандарды атай аламын – бұл адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюро, «Қадір-қасиет» ҚБ, «Аман-саулық» ҮЕҰ.

Жаңа ұйымдарды мен іс жүзінде білмеймін, олар пайда болады және жоғалады. Өйткені бұл – ауыр жұмыс, оны жылдан-жылға жүргізуге әркім психологиялық тұрғыдан шыдай алмайды.

Құқық қорғаушы ҮЕҰ қандай да бір артықшылықты болып саналады. Бірақ олай емес. Иә, олар тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық қоғамдастықта да танымал. Бірақ олар бұған ондаған жылдар бойы барады, тапжылмас еңбекпен түсінбеушіліктен мойындауға келеді. Біздің артықшылығымыз бен күшіміз осында болуы мүмкін.





# ҚАЗАҚСТАНДА ҮЕҰ ТІРКЕЛГЕН

**3500**

**23 335**

1991

2003

2023

Қазақстанда Республикасында ҮЕҰ  
саны 20 жыл ішінде  
**6,6 есе өсті**



Алматы – **5017** • Астана – **3554** • Шымкент – **1512**  
Қарағанды облысы – **1237** • Қызылорда облысы – **1217**



Лайла Ахметова:

# Қазақстанда нағыз қоғамдық көшбасшылар бар!

**Л**айла Ахметова – Қазақстанда танымал қоғам қайраткері. Ғалым, тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саясаттану профессоры, Еуразия халықтары Ассамблеясының тарихи жадыны сақтау жөніндегі комиссиясының төрағасы ретінде ол ағартушылық және білім беру қызметімен айналысады. Ал жазушы және зерттеуші ретінде 50 жылдан астам уақыт бойы волонтерлік негізде Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандықтардың тарихын зерттеп келеді.

Брест қамалының қорғаушылары, Панфилов дивизиясының жауынгерлері туралы кітаптардың авторы, майданда қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен отандастарының есімдерін қалпына келтірумен айналысады. Профессор мыңнан астам жауынгердің есімдерін тауып, мәңгілікке қалдырды! Және бұл жұмыс жалғасуда.

– Менің ойымша, белсенді өмірлік ұстаным жас кезден қалыптасады. Ақпан айында 70 жасқа толсам да, есімде, мен әрдайым белсенді болдым. Бірінші сыныпта «санитар» рөлін атқардым – сыныпқа кіретін балалардың қолдары таза болуын тексердім. Кейін дружина кеңесінің төрағасы, комсомол комитетінің хатшысы болдым, – деп еске алады Лайла Сейсембекқызы.

Ол оқыған Алматы қаласының №36 орта мектебінің фойесінде Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапқан мұғалім мен алты түлектің суреттері ілулі болды. Жас Лайла олар туралы

көбірек білгісі келді, таныстарын, туыстарын, көршілерін іздей бастады. Уақыт өте келе оның іздеу шеңбері кеңейіп, мектепті бітірген кезде ол соғыста қаза тапқан 25 түлек туралы ақпарат жинады. Осы материалдар негізінде мектептің Жауынгерлік даңқ мұражайы құрылды.

Жас тілші Лайла Ахметова өзінің ізденістері туралы алғашқы жазбаларын 12 жасында әкесі әкелген «Дружные ребята» газетінде жариялады. Қазақ радиосында балалар редакциясының хабарларын жүргізді. Ғылыми жұмыстары үшін Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде жас натуралистер алтын медалін алды. Басқаша айтқанда, оның ізденімпаз ақыл-ойы мен ерекше қабілеттері мектеп жылдарында көріне бастады.

Студенттік жылдары Лайла үш рет Бүкілодақтық студенттік ғылыми жұмыстар байқауының лауреаты болды (КСРО-да жалғыз!), «Қызыл қалампыр» халықаралық достық клубын және студенттердің кәсіподақ комитетін басқарды.

– Сондықтан егеменді Қазақстанда мен қоғамдық қызметпен айналысуды жалғастырғаным кездейсоқ емес. Мен Кеңес Одағы кезіндегі, тәуелсіз Қазақстандағы ғылыми және қоғамдық жұмыстарды салыстыра аламын, барлық жерде оң және теріс жақтары болды. Бірақ мен барлық уақытта белсенді азаматтық ұстанымға ие болдым», – деп мойындайды біздің кейіпкеріміз.

1993 жылы өзінің әріптесі Қазбек Қазкеновтің ұсынысы бойынша ол жастарды әскери-пат-

риоттық тәрбиелеумен айналысатын өзінің алғашқы «Ант» қоғамдық ұйымын құрды. Ол кезде үкіметтік емес сектор енді ғана қалыптастып жатты, ешкімде тәжірибе болған жоқ. Бірақ іс-шаралар сол кезде астана болған Алматыда өткендіктен, сол жерде орналасқан Әділет министрлігі үлкен консультативтік көмек көрсетті.

– Мен барлық кезеңдерден өзім өттім. Қаржылық қызметті үйренуге тура келді. Менің, алдымен, студенттердің, ал 1993 жылдан бастап – ҚазҰУ қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіподақ комитетінің төрағасы ретінде қаржылық тәжірибем болса да. Бұған қоса, мен жоғары оқу орнының пионерлік лагерінің басшысы болып жұмыс істедім. Бірақ қоғамдық секторда бәрі бейтаныс болды. Біз ақшаны көрмесек те, «бос бағандар» тапсыру қажет болды, барлығы үшін жауап беруге тура келді, – дейді Лайла Сейсембекқызы.

Ол кезде патриоттық қозғалыстар ешкімді қызықтырмады. Ал құқық қорғау ұйымдары, олар беделге ие болды! Іздеу жұмысы мүлдем құрметті емес еді.

Ол еске салғандай, 1992 жылы әскердегі саяси жетекшілердің, мектептегі меңгерушілердің және жоғары оқу орындарында тәрбие роректорларының лауазымдары алынып тасталды. Тәрбие функциясы бұдан былай қажет емес деп шешті және Ахметованың пікірінше, бұл мемлекеттің үлкен қателігі болды.

– Тек 1999 жылы ғана олар ес жиды, бірақ бүкіл ұрпақ отансүйгіштік рухынан тыс идесыздықпен тәрбиеленді. Дегенмен, менде адамдар аз назар аударған ұйым болды. Мен іздеу және архивтік жұмыстармен айналыса бердім, – деп бөлісті ол.

1996 жылы Лайла Ахметова Зияткерлік еңбек әйелдерінің одағын құрды, өйткені гендерлік мәселе сол кезде де, қазір де өткір болды. 2003 жылы ол тағы бір «ЕрАзамат» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырушысы болды. Ал бір жылдан кейін Ахметова «Ариптес» Алматы үкіметтік емес ұйымдарының конфедерациясын (АҮЕҰК) басқарды. Бұл жобалардың барлығы өз уақы-



**ТЕК 1999 ЖЫЛЫ ҒАНА ОЛАР  
ЕС ЖИДЫ, БІРАҚ БҮКІЛ ҰРПАҚ  
ОТАНСҮЙГІШТІК РУХЫНАН ТЫС  
ИДЕСЫЗДЫҚПЕН ТӘРБИЕЛЕНДІ**

тында сәтті болды және қойылған міндеттерді орындады. Сол кезде елдегі және Алматыдағы ҮЕҰ туралы алғашқы кітаптар жарық көрді.

Тәуелсіздіктің онжылдығында Қазақстанда үкіметтік емес сектор өрлеу мен құлдырауды бастан өткерді. Ірі беделді ұйымдар мен бір күндік ҮЕҰ құрылды. Белгілі бір адамдар тобы үшін тыныш жұмыс істегеп, қажетті іспен айналысқандар. Және мемлекеттік «астаудың» жанында ашық түрде арсыз жайғасқандар.

Бірақ жалпы үкіметтік емес ұйымдар осы жылдар ішінде өз мұратын орындап жұмыс істеді және мемлекет уақтылы шеше алмайтын мәселелерді шешуге көмектесті. Барлық проблемаларға қарамастан – ресурстардың, білікті кадрлардың, тәжірибенің жетіспеушілігі – ҮЕҰ ең күрделі салаларда қолдау көрсетті.

– Жай ғана ҮЕҰ құру жеткіліксіз. Көшбасшы болу керек, әсіресе басында және соңында ақша болмайтынын білу керек. Бірақ жұмыс істеу керек, тіпті тегін болса да, яғни ерікті болу керек, – деп түсіндірді қоғам қайраткері. – Қасым-Жо-

март Тоқаев Жаңа Қазақстанның бейнесін мықты азаматтық қоғамы бар тиімді мемлекет ретінде айқындайды. Бізде ол, расымен де, өте күшті! Қазақстанда белсенділер, нағыз көшбасшылар бар. Аға буын қазір қоғамдық кеңестерге кіретін, талдаушылар, саясаттанушылар болып табылатын азаматтық қоғамның жас көшбасшыларын тәрбиелей алды. Мысалы, 2022 жылғы қайғылы қаңтар кімнің кім екенін анық көрсетті. Қоғамдық пікір көшбасшылары, бірінші кезекте, аға буын өкілдері Алматыдағы қайғылы оқиғалардың жалғасуының алдын алу үшін көп жұмыс жасады.

Өкінішке қарай, әзірге барлық азаматтар емес, көбісі дамыған азаматтық қоғамсыз Әділетті Қазақстан құру мүмкін еместігін түсінеді, деп есептейді Лайла Сейсембекқызы. Адамдарда тек өз өмірі үшін ғана емес, оларды қоршаған қоғам үшін де осы жауапкершілік сезімін тәрбиелеу керек.

Біздің кейіпкеріміздің өзі 2015 жылы кезекті жобаны аяқтап, үкіметтік емес секторда тек кеңесші болып қалуға шешім қабылдады және өзін іздеу және архив жұмысына, оның қорытындысы бойынша кітап жазуға арнады.

– Мен бұл істе кәсіпқоймын, менде көптеген архив деректері бар. Жыл сайын мен архивтерге барып, жұмыс істеймін, өйткені мұның бәрін, барлық тарихи жадты адамдарға қалдыру керек. Сондықтан мен ҮЕҰ-ға аға серіктес ретінде көмектесемін, маған жүгінгендердің барлығына кеңес беремін, – дейді ол.

Сөз соңында мен осы ақылды, парасатты әйелден өмірлік қағидаларымен бөлісуін сұрадым. Белгілі болғандай, Лайла Сейсембекқызының ұстанымдары көп, олар негізінен 1990-шы жылдары, адамдар көп нәрсені түсінбеген және бағдарлар іздеген кезде қалыптасты.

– Мол кезде мен өзім үшін, өмірлік ұстанатын бірқатар қағидалар қалыптастырдым. Менің ұш азаматтық ұстанымым – адалдық, ұлтжандылық, кәсіпқойлық. Сондай-ақ менің өмірдегі ұстанымдарының бірі ұлы Абайдың «Адам бол!» деген сөзінен пайда болды. Және әрине, «Өзіңнен

**ЖАЙ ҒАНА ҮЕҰ ҚҰРУ ЖЕТКІЛІКСІЗ.  
КӨШБАСШЫ БОЛУ КЕРЕК, ӘСІРЕСЕ  
БАСЫНДА ЖӘНЕ СОҢЫНДА АҚША  
БОЛМАЙТЫНЫН БІЛУ КЕРЕК**



## ИӘ, ҚАЗІРГІ ЖАСТАР СЫНДАРЛЫ, АЗ ОҚИДЫ, БІРАҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЖАҚСЫ ШЫҢДАЛҒАН

баста!» Егер мен, майдангердің қызы болмасам, ұрпақтар үшін соғыс ардагерлерінің тарихын кім жинайды? Ол ұмытылмауы тиіс.

Лайла Ахметова іздеу жұмыстарын жалғастыруда, көбіне өз есебінен, өйткені мұндай жобаларға демеушілер сирек кездеседі. Барша жұртты Қазақстан тарихын – ежелгі дәуірді, соңғы XX ғасырдың жарқын кезеңін және тәуелсіздіктің соңғы жылдарын сақтауға шақырады.

– Өткенге тас лақтыру оңай, бірақ Сіздің туыстарыңыз сонда өмір сүрді – арғы атаңыз, атаңыз, әкеңіз... Қателесу бәрімізге тән. Біз қазір 10, 20 жыл бұрын өткен тарихты сынап бастадық. Мұның бәрі жасалған кезде Сіз қайда болдыңыз? – деп біздің кейіпкеріміз таң қалады.

Оның оқушылары, студенттері, магистранттары осы философияны және тарихи жадыны сақтауға деген құштарлықты қабылдай алатынына сенгім келеді. Профессордың өзі қазіргі жастарға риза. Иә, қазіргі жастар сындарлы, аз оқиды, бірақ технологиялық тұрғыдан жақсы шыңдалған. Олардың әрқайсысы қоғамдық қызметпен айналысады.

Тіпті, жастар үшін еріктілік – бұл өндірістік қызметтен бос уақытта айналысуға дайын жұмыс. Жазушы және профессор Лайла Ахметова сияқты үлгі болған кезде, азаматтық қоғамның болашағы үшін уайымдамауға болады.



Ләззат Қалтаева:

# Инклюзия: диалогты тең жағдайда жүргізу



**Ж**уырда Қазақстан Парламентінің Сенатында еліміздің тарихындағы мүгедектігі бар алғашқы депутат Ләззат Қалтаева басқаратын Инклюзия жөніндегі кеңес құрылды. Ол әлеуметтік қызметте орасан зор тәжірибеге ие. 20 жылдан астам уақыт бұрын ол «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымда-

стығын құрып, оны ұзақ уақыт басқарды және көптеген маңызды және қажетті жобалардың идеялық дем берушісі болды. Журналымыздың алғашқы санында біз Ләззат Қалтаевамен қоғамымыздағы инклюзияның дамуы туралы қуана әңгімелесеміз.

## БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ, МҮГЕДЕКТІГІ БАР ЖАНДАРДЫ ЗАМАНАУИ ӨРКЕНИЕТ НОРМАЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ КӨРСЕТУ ҚАЖЕТ

– Ләззат Молдабекқызы, қоғамдық қызметіңіздің қалай басталғаны туралы айтып берсеңіз? Сіздің үйде отыра бермей, басқаларға көмектесе бастауыңызға не түрткі болды және септігін тигізді?

– Менің қоғамдық қызметім 1987 жылы, 17 жасымда басталды. Сол кезде мүгедектігі бар жандардың алғашқы қоғамдық бірлестіктері құрыла бастады және де мен өмірімізді жақсы жаққа өзгертетін, оқшауланудан шығып, толыққанды және жарқын өмір сүруге көмектесетін іс жасауды қаладым. Мен қала көшелерінде емін-еркін қыдыруды, спортпен айналысуды, саяхаттауды, оқуды және басқалармен бірдей жұмыс істеуді арман еттім.

Екі жыл аудандық қоғамда хатшы, содан кейін төрағаның орынбасары болып жұмыс істедім. Алайда, көп ұзамай ақ мен бұл жұмыстың барлығы қайырымдылық көмекті таратумен ғана шектелетінін, ал адамдар болса үйде төрт қабырғаның ішінде қала беретінін түсіндім.

Біз достарымызбен бірге, мен секілді адамдар бір-бірімен араласып, табиғат аясына шыға алатындай түрлі кездесулер ұйымдастырдық. Бірақ мұның бәрі бір реттік сипатқа ие болды. Ал, бізді толғандырған сұрақтар шешімін таппаған күйінде қала берді. Бұл әсіресе әйелдердің мәселелеріне, олардың репродуктивті құқықтарына және жеке өміріне қатысты шешім қабылдаудағы дербестігіне қатысты болды.

2000 жылы маған халықаралық семинарға қатысу, содаң соң Финляндияға бару бақыты бұйырды, сол жерде қоғамның қаншалықты ашық екенін, мүгедектігі бар жандардың қаншалықты белсенді екенін, әйелдердің өз құқықтарын қорғауға қаншалықты күш салып жатқанын көрдім. Дәл сол кезде міндетті ісі мүгедектігі бар әйелдердің құқықтарын қорғау және ілгерілету болып табылатын «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығын құру туралы шешім туындады. Біз өз ұйымымыздың мынадай көзқарасын қалыптастырдық: бұл әркімнің жынысына немесе мүгедектігінің болуына қарамастан өзін жеке тұлға ретінде іске асыруға мүмкіндігі бар қоғам.

– Сіз Қазақстан Парламентінің алғашқы мүгедектігі бар депутаты болдыңыз. Жаңа рөлге үйрену қиын болды ма, депутаттық жұмысты қоғамдық қызметпен ұштастыра алдыңыз ба, бұл орында өзіңізге қандай міндеттер қойып отырсыз?

– Мемлекет басшысы мені Парламент Сенатының депутаты етіп тағайындаған кезде менің саяси қызметтегі тәжірибем бар болған еді. Мен Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына екі рет қатысып, 2016-2021 жылдар аралығында VI-шақырылымның депутаты болып сайландым. Жұмыстың көлемі мен күрделілігі, қоғамдық маңыздылығы мен орасан жауапкершілігі маған жаңа міндеттер жүктеп, ерекше жұмылдыру мен жұмысқа табандылықты талап еткен бұл тәжірибе Сенатта да маған өз көмегін тигізді.

«Шырақ» қауымдастығын әріптестерім басқарады, олардың өз міндеттерін үздік атқарып жатқанына сенімдімін. Мен өз күшімді Парламентте жұмыс істеуге жұмсадым. Басқа сенаторлар секілді менің де қолымнан мемлекетіміз бен қоғам өмірінің сан алуан салаларына қатысты әр түрлі заңдар өтіп келеді.

Сонымен бірге, мен назарымды мүгедектігі бар жандардың заң шығарушылық бағытында шешілетін келелі мәселелеріне шоғырландыруға тырысамын. Бұл орайда мен Сенатта құрылған Инклюзия кеңесіне үлкен үміт артып отырмын.

**– 2011 жылдан бері Сіз құрған Қауымдастық мүгедектігі бар жандардың қоғамдағы әлеуметтік және саяси белсенділігін арттыру бағытында жұмыс жасады. Сіз Мәжілісте 30 пайыздық квотаның енгізілуін қалай бағалайсыз?**

– Иә, біз бұл мәселемен жүйелі жұмыс жасадық: зерттеулер мен сауалнамалар жүргіздік, өз еліміздегі және басқа елдердегі жағдайды талдадық, «дөңгелек үстелдер» мен конференциялар ұйымдастырдық. Бұл жұмыстың нәтижелерінің бірі Мәжіліске және партиялық тізімдерге әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар жандардың өкілдерін қамтитын 30 пайыздық квотаның енгізілуі болды.

Барлық үш санаттағы азаматтарды бір квотаға біріктіру қаншалықты қолайлы болғаны және оның іс жүзінде қаншалықты тиімді болатыны туралы көп дауласуға болады. Бірақ бір нәрсені нақты айта аламын: 2023 жылғы сайлау, сайлаушылар өзін-өзі ұсынған кандидаттарға дауыс бере отырып, біздің қоғамның орта жастағы және мүгедектігі жоқ ер азаматтарға дауыс бергенін көрсетті. Ал, осы арада Мәжіліске партиялық тізімдер арқылы әйелдер, жастар және мүгедектігі бар алты депутат келген.

Яғни, біздің қоғам әзірге «стандартты» саясаткерге қатысты бұрынғы таптаурынмен өмір сүріп жатқанында, оның жастар мен әйелдердің мемлекетті басқару қабілетін мойындау үшін пісіп-жетілгенінше, мүгедектігі бар жандарды шешім қабылдайтын үстел басынан көруге дайын болғанынша, квота қажет болып тұр.

**– Сіздің бастамаңызбен Қазақстанда алғаш рет тәжірибелі заңгерлер мен психологтар кеңес беретін TenQogam мүгедектігі бар жандарды Әлеуметтік қолдау орталығы ашылды. Мүгедектігі бар жандар арасында көшбасшылық мәдениетті тағы қалай дамытуға болады?**

– Бірінші кезекте, мүгедектігі бар жандарды заманауи өркениет нормаларының бірі ретінде көрсету қажет. Бұрын заманауи медицина,

протездеу, әлеуметтік қорғау мен қамтамасыз ету болмаған кезде, көбісінің тірі қалуы екіталай еді ғой.

Бүгінгі таңда прогресс пен ғылыми жетістіктер мұндай өмірді мүмкін етіп, мұнымен қоса, ол сапасы тұрғысынан мүгедектігі жоқ адамның өмірінен кем түспейді. Тек тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, орын алып отырған кедергілер жойылса болғаны.

Көшелерде, жұмыс орындарында, мектептер мен университеттерде, балалар немесе сауда алаңдарында мүгедектігі бар жандарды көбірек көрудеміз. Әрине, бізге үлгі алатын адамдар, бірақ ешқандай патетикасыз тек жақсы мамандар, үздік аналар мен әкелер, спортшылар, бизнесмендер мен блогерлер, мүгедектігі бар туристер және т.б. керек.

Біз батылдық, табандылық және шыдамдылық үлгілерін бейнелейтін мүгедектігі бар жандардың қаһармандық немесе мінсіз бейнелерінен кетуіміз керек. Қоғамның санасына қарапайым тілектері, армандары, сәтсіздіктері мен жетістіктері бар қарапайым адамдар туралы оқиғаларды сіңіріп, оларды басқа адамдарға түсінікті де жақынырақ еткен дұрыс.

**ӘРИНЕ, БІЗГЕ ҮЛГІ АЛАТЫН  
АДАМДАР, БІРАҚ ЕШҚАНДАЙ  
ПАТЕТИКАСЫЗ ТЕК ЖАҚСЫ  
МАМАНДАР, ҮЗДІК АНАЛАР  
МЕН ӘКЕЛЕР, СПОРТШЫЛАР,  
БИЗНЕСМЕНДЕР МЕН БЛОГЕРЛЕР,  
МҮГЕДЕКТІГІ БАР ТУРИСТЕР ЖӘНЕ  
Т.Б. КЕРЕК**





– Мүгедектігі бар жандарға жәрдемақыны көбейтумен қатар ақша табуға мүмкіндік беруді алға тартасыз.

**Бұл неліктен маңызды?**

– Мен, ешбір қоғамда, тіпті экономикалық тұрғыдан ең дамыған қоғамда да, мүгедектігі бойынша жәрдемақының есебінен адамның барлық қажеттіліктерін өтеу мүмкін еместігіне сенімдімін және, өкінішке орай, сол үшін жеккөрінішті болып жүрмін. Біріншіден, бұл экономикалық тұрғыдан мүмкін емес. Екіншіден, адамдардың әл-ауқатының өсуімен біргі әрқашан олардың қажеттіліктері де өседі. Және бұл дұрыс! Адамдар анағұрлым қолайлы жағдайда өмір сүргісі келіп, емделіп қана қоймай, саяхаттап, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндігі болуы тиіс. Ал, ол үшін ашық еңбек нарығына шығып, ақша табу, өз кәсібін ашу қажет.

Бұл қарапайым мәселе емес, бұл адамдарды еңбекке дайындау, олардың мүмкіндіктерін кеңейту, жұмыс берушілерді ынталандыру, кедергісіз орта құру секілді салмақты да жауапты шешімдер қабылдауды талап етеді. Бұл ретте қазіргі таңда колледждер мен жоо-да білім алып жатқан және нақты жұмысқа орналасуды мақсат еткен жандарға баса назар аудару керек.

– Жалпы еліміздегі азаматтық қоғамның дамуы мен азаматтарымыздың азаматтық белсенділігін қалай бағалар едіңіз?

– Біз азаматтық белсенділіктің артқан кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Қараңызшы, петицияларға қол жинау қаншалықты жылдам, әкімшіліктер мен ведомстволардың әділетсіздігі мен заңсыз әрекетіне жұртшылық қалай мықты үн қатып, блогер бір күнде науқас баланы емдеу үшін үлкен жинақтарды ұйымдастыра алады. Қазір мен үшін азаматтық қоғам тек үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер ғана емес, көп жағдайда белсенділердің атынан азаматтық қоғам әлеуметтік желілерде «мекендеп», көбінесе жылдамдығы мен тиімділігі жағынан мемлекеттік органдардан әлдеқайда озық болады. Бұл жерде ең бастысы – тыңдау және есту, үн қату, дөп келетін тұстарды табу және тағы да диалогты тең жағдайда жүргізу, біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда осыны жасауға тырысуда.

Бақыткүл Елшібаева:

# Адамдарға көмек – өмірдің мәні

**Ауылдағы өмірді жақсарту – бұл Жергілікті қауымдастықтар қоры жүзеге асыратын барлық жобалардың мақсаты. Қоғамдық қордың атқарушы директоры Бақыткүл Елшібаева өз мұратын ауыл тұрғындарын қолдау мен ілгерілетуден көреді.**

**Бақыткүл ЕЛШІБАЕВА**  
Қоғамдық қордың атқарушы директоры



**М**амандығы бойынша Бақыткүл Қазезбайқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. Ол Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Д. Қонаев атындағы орта мектебінде 12 жыл қызмет етті. Директордың орынбасары ретінде оқу процесіне жаңа әдістерді енгізу үшін қолынан келгенін жасап, үлкен беделге ие болды.

– Бірақ 2007 жылы мен мектепке бере алатын барлық мұғалімдік әлеуетімді жүзеге асырғанымды түсіндім. Мен дамып, жаңа нәрсені үйренгім келді. Мен мүмкіндікті пайдаланып, қоғамдық қордың директоры лауазымына өтініш бердім, бірақ ол кезде үкіметтік емес сектордың не екенін білмедім. Бірақ мен әрқашан белсенді болдым және менің өмірлік ұстанымым байқауды ұйымдастырушыларға ұнаған болуы керек, – деп кейіпкеріміз күлімсіреп еске алды.

Олар 20 шаршы метр бөлмеден және үш адамнан тұратын ұжымнан бастады. Қоғам қайраткері Орталық Азияның Еуразия қорында жақсы мектептен өтіп, жаңа ҰЕҰ құрып, оны үш жыл бойы алып жүрді. Дәл сол жерде олар жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға, мақсат қоюға және нәтижелерге қол жеткізуге үйретті.

2011 жылы Жергілікті қауымдастықтар қоры еркін жүзуге шыққан кезде ең қиын жыл болды.

Бірақ сол кезде оның қызметкерлері өз бетінше әрекет етуге қабілетті екені белгілі болды.

– Біз «Бота» қорымен төрт жылға жуық, «Филип Моррис Қазақстан» компаниясымен 10 жылға жуық жұмыс істедік, бұл толық өзара түсіністік пен тиімді ынтымақтастықтың көрсеткіші, – дейді Бақыткүл Қазезбайқызы. – Біздің жетістігіміздің құрамдас бөлігі – адалдық, ашықтық, риясыздық және, әрине, біз көмектесетін адамдар арасында өмір сүретініміз, олардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын жақсы білетініміз болды. Өйткені, ауыл тұрғындарының проблемаларын көбінесе өздерінен басқа барлық адамдар шешеді. Қалада тұратын адамдар ауылда тұратын халықтың өмірі туралы қалай ойлана алады? Біздің ерекшелігіміз дәл осында. Бұл ретте бізде халықаралық ұйымдармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ресурстар мен тәжірибе бар.

Тез арада Жергілікті қауымдастықтар қоры өңірдегі ең ірі үкіметтік емес ұйымға айналды. Бүгінде штатта 10 менеджер-үйлестіруші бар, азаматтық белсенділікті арттыру, халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғау, ауыл кәсіпкерлігіне жәрдемдесу бойынша жүздеген миллион теңгеге 60-тан астам ауқымды жоба іске асырылды.



– Біздің ең маңызды бағдарламамыз – ауылдық өңірлерді дамыту. Біз бағдарламаны осындай жақсы деңгейге жеткізе алғанымызды мақтан тұтамыз. Шын мәнінде, бұл – қарапайым фермерді толыққанды бизнес құруға және ірі серіктестермен өзара әрекеттесуге шығаруға болатын ауылда адами әлеуетті дамыту. Бұл тәжірибені Қазақстанның кез келген өңірінде масштабтауға болады, өйткені ол өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Біз мұны Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында жасап жатырмыз және үкімет жобамыздың тиімділігін көріп, бұл тәжірибені басқа өңірлерде де қолданады деп үміттенеміз, – дейді қор директоры.

«Шелек фермерлері» жобасы туралы сөз болып отыр. 2015 жылы ауданның төрт ферма-

сы бірігуге шешім қабылдап, бүгінде бұл – 35 фермерден тұратын әсерлі кооператив. Олар жеміс-жидектерді супермаркеттер желісіне, мейрамханалар мен өңдеу зауыттарына тікелей жеткізеді.

Қорда атап өткендей, болашақ – ауыл шаруашылығы кооперациясында. Сол Қырғызстан бұл мәселеде бізді басып озып, Алматы облысының өзінде 50 мыңнан астам қазақстандық фермерге үлгі бола алады.

Шелек ауылында қордың қолдауымен фермерлер мен жеке кәсіпкерлерге арналған агробизнес орталығы ашылды, онда тұрақты және тегін негізде көкөніс өсіру агротехникасы, маркетинг, компьютерлік және бухгалтерлік сауаттылық курстары ұйымдастырылды. Ауыл



тұрғындары шағын және орта бизнесті қолдау және жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға қол жеткізе алады. Жергілікті қауымдастықтар қоры халықтың әлеуметтік осал топтарының, жастардың құқықтарын қорғау жөніндегі өз бағдарламаларын іске асырады, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың, жұмысшы-мигранттардың проблемаларына назар аударады.

Қор жұмысы кезінде фермерлер 25 озық агротехнологияны қолдана бастады. Баламалы энергия көздерін дамыту – үлкен мақтаныш. Фермерлерге биогаз қондырғыларын құру және органикалық тыңайтқыштарды қолдану, жылыжайларда белгілі бір температураны ұстап тұру үшін күн батареялары мен гелиоколлекторларды қолдану үйретілді. Агробизнес орталығында демонстрациялық нысандар бар және қазірдің өзінде ЖЭК-ті табысты қолданатын шаруа қожалықтарының саны жиырмаға жуық.

– Тек ғалымдар ғана айналыса алады, бұл міндетті түрде техникалық білімді қажет етеді, ал ауыл тұрғындары үшін бұл ақылға қонбайтын және қымбат, сондықтан оларға өз пешімен өмір сүруді жалғастырған дұрыс деген пікір бар. Біздің міндетіміз – ЖЭК-тің қолжетімді, қарапайым екендігін және кез келген фермер оны өз

**– БІЗДІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ  
БАҒДАРЛАМАМЫЗ – АУЫЛДЫҚ  
ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ. БІЗ  
БАҒДАРЛАМАНЫ ОСЫНДАЙ ЖАҚСЫ  
ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТКІЗЕ АЛҒАНЫМЫЗДЫ  
МАҚТАН ТҰТАМЫЗ**

фермасына қоя алатынын көрсету, – деп түсіндіреді Бақыткүл Қазезбайқызы.

Тағы бір сәтті бағдарлама әйелдер кәсіпкерлігін дамытумен байланысты. Қор қызметкерлері көшбасшылыққа үйретеді және өз тәжірибелерімен үлгі береді – өздері дамиды және өмір сүретін ортасын дамытады.



**ҚОРДА АТАП ӨТКЕНДЕЙ, БОЛАШАҚ  
– АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
КООПЕРАЦИЯСЫНДА. СОЛ  
ҚЫРҒЫЗСТАН БҰЛ МӘСЕЛЕДЕ БІЗДІ  
БАСЫП ОЗЫП**

– Бес-алты жыл ішінде біз жұмыс істейтін әйелдердің белгілі бір саны жиналды – мәслихат депутаттары, шағын кәсіпкерлер, фитнес-клубтардың, дүкендердің иелері. Биыл жобаны әйелдердің жаңа қауымдастықтары пайда болған Алматы облысында іске асырдық. Бірақ бір ауылда көптеген сұлулық салондарын ашуға

болмайтынын түсіну керек. Жергілікті атқарушы органдар да сол объектілерді көшірмемен қаржыландыра алмайды. Сондықтан біз осы аймақта жоқ инновациялық жобаларды бірге іздейміз және талдаймыз, – дейді кейіпкеріміз.

Оның айтуынша, әйелдер қолдауға – ынталандырушылық, моральдық, психологиялық қолдауға өте мұқтаж. Өйткені, кәсіпкер әйел тек қаржылық сауаттылық пен бизнес жүргізу дағдыларын иеленіп қана қоймай, өзінің сүйікті ісін, іссапарларын бала тәрбиесімен үйлестіруі керек, жеке даму туралы да ұмытпаған жөн.

– Бұл – үлкен жауапкершілік пен жүктеме ауыртпалығы. Жергілікті қоғамдастық көшбасшылары ретінде біздің міндетіміз – оларға белгілі бір кезеңде қолдау көрсету. Тіпті, ол қандай да бір нәтижеге қол жеткізген және оны көрсеткісі келген істе. Біз ол үшін осындай «атақ-даңқ минутын» жасаймыз. Бір кездері даму жолына түскен кез келген әйел енді басқаша өмір сүре алмайды, ол қайта-қайта тырысып көреді және біз оған бұл жолдан кетпеу үшін көмектескіміз келеді, – дейді Бақыткүл Елшібаева шын жүректен.

Қоғам қайраткері тек сәтті жобалармен ғана емес, сонымен қатар оқушыларымен де мақтана алады. Бұл – өзі сияқты адал адамдар жұмыс істейтін үкіметтік емес сектордың халықтық екендігінің дәлелі.

– Кейде мен зейнетке кетіп, немерелеріммен және өзіммен айналысатын кез келген шығар деп ойланамын, – деп мойындайды Бақыткүл Қазезбайқызы. – Бірақ содан кейін мен қазірдің өзінде көп нәрседен өтіп, көп іс атқарылып, тоқтауға құқығым жоқ екенін түсінемін. Бұл өмірімнің мәніне айналды, өмірімнің бекер өтпегенін түсінуге мүмкіндік береді. Мен кез келген позициядағы адам өз жұмысын адал және риясыз орындауы керек деп сенімдімін. Және мен игілікті іс жасайтыныма сенімдімін.



Жақсыгүл Маханбетова 20 жылдан астам уақыт бойы қоғамдық қызметпен айналысады, Маңғыстау облысының Азаматтық альянсын құрып, он жыл басқарды, қазір «Маңғыстау Азаматтық бастамалар орталығы» қоғамдық қорын басқарады. Осы жылдар ішінде азаматтар мен ҮЕҰ мүдделерін қорғайды, өңірдің өзекті проблемаларын көтереді және оларды шешуге қол жеткізеді.

## Жақсыгүл Маханбетова: ҮЕҰ – мемлекет пен бизнестің толыққанды серіктесі

**Ж**ақсыгүл Шахзадақызы жас кезінен бастап мектепте де, «Тауартанушы және сауда ұйымдастырушысы» мамандығы бойынша бітіген Қарағанды кооператив институтында да қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысты. 1997 жылы ол Алматыдағы кәсіптік училищеде сабақ берді және «Жастар жетістіктері» қоғамдық қорында жұмыс істеді. Сол кезде ол мектептердегі экономикалық білім беру бағдарламасына жаттықтырушы ретінде шақырылды, ол бойынша қазақ тілінде оқытатын мектеп мұғалімдеріне жаттықтырушылар даярлау көзделді.

– Менде үлкен жауапкершілік сезімі пайда болды, ел үшін не істей алатынымды түсіндім және осы миссияны орындадым – бес жыл бойы Маңғыстауда ғана емес, Атырау, Алматы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында

да экономика мұғалімдерін дайындадым. 1998 жылы Білім және ғылым министрлігі мектептерде экономика бойынша оқу бағдарламаларын енгізді. Бізге жасыл жарық берілді, трансұлттық мұнай компаниялары қаржылай қолдау көрсетті. Мұғалімдер үшін тренингтер тегін болды, – деп еске алады Жақсыгүл Шахзадақызы.

2000 жылы оған Ақтауда «Жастар жетістіктері» қорының өңірлік орталығын ашу ұсынылды. Осылайша оның өмірінің маңызды тарауы басталды, ол бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Үш жылға барып – мәңгілікке қалды. Еркіндікке мұқтаж шығармашылық адам ретінде оған бұл жұмысты өте ұнады. Ол идеялардың қайнар көзі болды, ең бастысы, оларды жүзеге асыра алды.

Мысалы, оның тәрбиеленуші педагогтарының оқушылары сол уақытта онлайн режимде

экономиканы модельдеу және менеджмент бойынша халықаралық турнирлерге қатысты. 2000 жылдардың басында, интернет барлық жерде болмаған кезде, бұны елестету мүмкін емес!

Маханбетова мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеді – өз жобалары үшін ҮЕҰ қаражатын тарту бойынша тәжірибелерімен бөлісті, жергілікті ҮЕҰ үшін тренингтер өткізді, оларға жобалар жазуға және мұнай компанияларының ақшасын тартуға үйретті.

Жолдың басында оны ОКІОС (бұдан әрі Епі және NCOC) қолдады, өрістеуге мүмкіндік берді. Өйткені, көптеген адамдар қандай да бір қоғамдық ұйым осындай жауапкершілікті – мұғалімдерді дайындауды өз мойнына алатынына күмәнмен қарады. Бірақ уақыт өте келе оң тәжірибе барлығын сендірді.

– Сонымен қатар, мен тілдерді оқыту орталығын аштым, кеңсені ұстауым керек еді, менде оқытудан өткен мұғалімдерден құралған команда болды. Ал 2005 жылы мені облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы шақырып, келесі күні Астанаға, тіпті өз есебінен баруды ұсынды. Мен кеттім! Мен Қазақстанның Азаматтық альянсының құрылтай конференциясына қатыстым, онда үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік органдармен және бизнеспен диалог құру үшін біріктіру қажеттілігі талқыланды. Бізге құжаттар пакеті беріліп, өңірлерде Азаматтық альянстың филиалдарын құру тапсырылды, – дейді Жақсыгүл Шахзадақызы.

Бұл шілде айында болды, ал тамыз айында ол өңірдің белсенді ҮЕҰ-ны құрылтай конференциясына шақырды, онда ол «Маңғыстау облысының Азаматтық альянсы» ЗТБ президенті болып сайланды. Оның қызметі мен жауапкершілігі лезде кеңейіп, барлық басқармалармен және жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық орнатуға тура келді.

Астана мен Алматыда өткен конференциялар мен семинарларға қатысып, ҚАА тұжырымдамасы мен стратегиясының барлық қыр-сырын жан-жақты түсінуге тырысып, қызмет барысында үйренді. Әрине, бұл оңай болған жоқ, мемлекеттік органдар ұзақ уақыт бойы жаңа құрылымды байыпты қабылдамады.



**– МЕНДЕ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК  
СЕЗІМІ ПАЙДА БОЛДЫ, ЕЛ  
ҮШІН НЕ ІСТЕЙ АЛАТЫНЫМДЫ  
ТҮСІНДІМ ЖӘНЕ ОСЫ МИССИЯНЫ  
ОРЫНДАДЫМ**

– Мен азаматтардың мүдделерін қорғаймыз, азаматтық қоғам құрамыз деп түсіндірдім. Ал маған жауап ретінде – не үшін дейді? Сізде қандай ресурстар бар? Ал менде жарғы мен мөрден басқа ештеңе жоқ. Бірақ ҰЕҰ-ны қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заң қабылданды және осы құжаттармен мен ішкі саясат басқармасына барып, қаржыландыру көздеуді ұсындым. Мысалы, 2006 жылға арналған бюджетте ҰЕҰ-ның әлеуметтік жобаларына қаражат салынды, – дейді біздің кейіпкеріміз. – Құқық қорғау органдары тарапынан көптеген кедергілер, тексерулер болды. Өйткені, біз өзекті проблемаларды көтере бастадық – коммуналдық шаруашылық, тарифтер, мектептердің қолжетімділігі, газ бағасының өсуі. Бізді осы мәселелерге бей-жай қарамайтын және Азаматтық альянстың барлық бастамаларын жариялаған жергілікті және республикалық БАҚ журналистері қолдады. Содан кейін халық бізге сеніп, жүгіне бастады.

Өзекті тақырыптардың бірі оқушыларды тасымалдау болды. Ата-аналар қала маңына балалар бөшкедегі майшабақтай жүруге мәжбүр деп шағымданды, дегенмен бұл үшін ақша жеткілікті бөлінді.

Жақсыгүл Маханбетова нағыз адвокаттық науқанды ұйымдастырып, дөңгелек үстел форматында диалог алаңдарын өткізді. Баспасөз белсенді түрде қосылды. Нәтижесінде қоғам белсенділері қала әкімдігі атынан көрсетілетін қызметтердің сапасын бақыламайтынын дәлелдеді.

Әлдебіреуге қарсы шығуға қорқыныш болған жоқ па деген сұраққа:

– Менде қорқыныш болған жоқ. Біздің өңір әрқашан демократиялық болды, біз шындықты айтуға дағдыланғанбыз. Бұған қоса, тәжірибелі серіктестер, заңгерлер, журналистер болды. Тасымалдаушы мені Азаматтық альянстың басшысы ретінде сотқа берді және өтемақы, бес миллион теңге мөлшеріндегі моральдық залал талап етті. Біз сотты жеңдік. Біз туралы даңқ таралды, – деп жауап берді.

Жақсыгүл Маханбетова уақыт өте келе өзінің қоғамдық ұйымдарын құрып, азаматтық қоғамның көшбасшысы болған көптеген жас мамандарды тәрбиеледі. Оның басшылығымен Азаматтық альянс Маңғыстау өңірінде 60-қа жуық ҰЕҰ ашуға ықпал етті!








2020 жылы ол облыстық әкімдік жанындағы жобалық офиске шақырылды. Бірақ мемлекеттік қызмет қоғамдық қызмет сияқты «қызықтырмады». Бір жарым жылдан кейін ол үкіметтік емес секторға оралып, бір кездері әріптесі құрған «Маңғыстаудың Азаматтық бастамалар орталығы» қоғамдық қорын қайта жандандырды. Бүгінде Жақсыгүл Маханбетова–мемлекеттік органдар жанындағы комиссиялар мен кеңестердің, сондай-ақ облыстық Қоғамдық кеңестің мүшесі.

– Қоғамдық қызмет – бұл: жұмыс топтарына, кеңестерге, қоғамдық бақылау мен мониторингке қатысу. Біздің тәжірибеміз, зияткерлік ресурстарымыз бен уақытымыз идеялардың генераторы және бастамашысы болып табылатын қоғам мен үкіметтік емес ұйымдардың мүдделерін қорғауға бағытталады. Сондай-ақ, біздің міндетіміз – азаматтарға елдің болашағы үшін мемлекет қана емес, әрқайсымыз да жауапты екенін жеткізу. Азаматтардың ел өміріне белсенді қатысуы үшін оларға мемлекеттің бірдеңе жасауын күтудің орнына өз идеяларын білдіретін алаң қажет. Мұндай алаң ҰЕҰ болды. Адамдардың санасы өзгереді, оларға құлақ асқанын қалайды. Бірақ стихиялықты алмау үшін оларға өз пікірлерін сындарлы түрде жеткізуге мүмкіндік беру маңызды. Түпкі мақсат – мемлекет пен бизнестің тең құқылы серіктесі бола алатын белсенді жауапты азаматтық қоғам құру. Біз осы мақсатпен жұмыс істейміз.



**СОНДАЙ-АҚ, БІЗДІҢ  
МІНДЕТІМІЗ – АЗАМАТТАРҒА  
ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ  
ҮШІН МЕМЛЕКЕТ ҚАНА  
ЕМЕС, ӘРҚАЙСЫМЫЗ ДА  
ЖАУАПТЫ ЕКЕНІН ЖЕТКІЗУ.  
АЗАМАТТАРДЫҢ ЕЛ ӨМІРІНЕ  
БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУЫ ҮШІН  
ОЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІҢ  
БІРДЕҢЕ ЖАСАУЫН КҮТУДІҢ  
ОРНЫНА ӨЗ ИДЕЯЛАРЫН  
БІЛДІРЕТІН АЛАҢ ҚАЖЕТ.  
МҰНДАЙ АЛАҢ ҰЕҰ БОЛДЫ**

# БЛИЦ-САУАЛНАМА: АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – БҰЛ...



**Мейрам Раганин, 57 жаста, PhD докторы, медицина ғылымдарының кандидаты, стоматолог дәрігер, «Стоматологтардың сараптамалық қауымдастығы» РҚБ президенті**

– Тұрақты дамып келе жатқан қоғамда күшті билік пен күшті азаматтық қоғам болуы керек. Біз қазірдің өзінде күшті билік құрдық, бірақ бізде күшті азаматтық қоғам жоқ.

Мен өзім бірнеше рет үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істедім, сондықтан олардың қызметін іштей білемін. Мен азаматтар ел өміріне қатысуы керек немесе кем дегенде өз өкілеттіктерін біреуге, мысалы, сол ҮЕҰ-ға беруі керек деп санаймын. Егер үкіметтік емес ұйым қандай да бір проблеманы көтерсе, онда азамат оны толығымен қолдап, оның жағына шығып, айтқандай, оған өз дауысын беруі керек.

Елде қоғамда беделге ие, биліктегі, күнделікті өмірдегі үрдістерді бақылайтын және азаматтардың құқықтары бұзылмайтын күшті үкіметтік емес ұйымдар болуы тиіс. Егер бұл құқықтар бұзылса, ҮЕҰ бұл туралы көпшілікке айтуы керек. Ал әрбір азамат осы ҮЕҰ-ға қолдау көрсетуі немесе қолдамауы тиіс.

Тек осы жағдайда ғана біз армандайтын және онсыз дами алмайтын күшті азаматтық қоғамға айналамыз. Қалыпты қоғамда күшті билік пен күшті азаматтық қоғамға қарсы тепе-теңдік қажет. Егер осы құрамдастардың бірі артқа қалатын болса, бұл елдің одан әрі дамуына жол бермейді, ел дамуын тежейді. Сондықтан, әрбір азамат ҮЕҰ саясатын мұқият қадағалап, қажет болған жағдайда оларды жан-жақты қолдауы керек деп санаймын.

## Назар Абинов, 50 жаста, Астана қаласы Адвокаттар алқасының адвокаты

Біздің азаматтық қоғамымыздың ең жарқын мысалы мен кесіндісін мүлік иелерінің бірігуі деп санауға болады. МИБ-ті үйдің тіршілігін қамтамасыз ету, басқару және қолдау үшін мүліктің иелері болып табылатын қарапайым азаматтар құрады.

МИБ толығымен тәуелсіз, өзін-өзі қаржыландырады, оның қызметіне ешкім араласуға құқылы емес. Үйдің әрбір проблемасын азаматтардың өздері дауыс беру, жиналыстар мен сауалнамалар өткізу арқылы тікелей шешеді.

МИБ тікелей қатысушысы, сондай-ақ адвокат ретінде азаматтар мен үй басқармасы арасындағы дауларға қатыса отырып, біздің қоғамдағы азаматтық белсенділік өте төмен деп айта аламын. Егер нақты проблема біреуге әсер етпесе, тұрғындар олардың үйін кім басқаратынына, ақшалары қайда жұмсалатынына және ортақ мүлікке не болатынына мүлдем мән бермейді.

Азаматтардың инерттілігі басқармадағы адамдардың өздерін бақылаусыз сезінуіне, құқықтарын теріс пайдалана бастауына, тікелей міндеттерін орындамауына, ақшаны мақсатына сай пайдаланбауына, ал көптеген жағдайларда қарапайым ұрлықпен айналысуына әкеледі. Нәтижесінде коммуникациялар тозады және үй құлдырай бастайды.

Көптеген апаттардан кейін белсенді тұрғындар үйдің неге осындай күйге келгеніне қызығушылық таныта бастайды, наразылық туындайды. Қазіргі билік жазадан қорқып, барлық жолмен ұстап қалуға тырысады. Өзінің әрекетсіздігін ақтау үшін ол миллиондаған себептерді ойлап табады, белсенділерге зәбір көрсете бастайды. Ал олар, әдетте, көп пәтерлі тұрғын үйде өте аз.

Әрине, жаңа төраға мен басқарма мүшелерін қайта сайлауға болады, олар алдыңғы уақытта білек сыбана кірісіп, өткір проблемаларды жоя бастайды. Бірақ содан кейін бәрі бұрынғы қалпына оралады. Билік адамдарды бұзады, азғырады. Бірақ келесі жолы белсенділер қатары көбейе түседі. Үйдегі жағдай неғұрлым нашар болса, соғұрлым белсенді азаматтар көп болады.

Үкімет көп пәтерлі тұрғын үй тұрғындарының қарым-қатынасына араласпай, дұрыс шешім қабылдады, өйткені бұл жерде адамдардың азаматтық жауапкершілігі қаланады. Азаматтардың өздері өз үйіндегі тәртіпті қалпына келтіргенше, араласуға болмайды. 5-10 жылдан кейін адамдар үйдегі әл-ауқат оларға байланысты екенін түсінеді және үйдің тыныс-тіршілігіне белсенді қатыса бастайды. Бұл – бүкіл мемлекеттің өміріне қолдануға болатын тамаша идея.

## Юлия Полонская, 39 жаста, журналист

Белгілі тұлғалардың өмірбаянына назар аударып, олардың көпшілігі өз мансабын қоғамдық жұмыстан немесе волонтерлік қызметтен бастағанын көруге болады. Менің ойымша, бұл заңдылық қарапайым фактіге негізделген: ҮЕҰ-да қызметке қатысу азаматтық эмпатияны, жауапкершілікті және қазіргі қоғамда жеке үлесіңізге көп нәрсе байланысты екенін нақты түсінуге тәрбиелейді.

Студент кезімде мен қоғамдық ұйым – Астана кәсіпкерлер қауымдастығында жұмыс істедім. Бұл менің алғашқы жұмыс тәжірибем болды, ол ұжымдағы қарым-қатынас, мақсаттарға жету, қоғамдағы орным туралы алғашқы түсініктер берді.

Біз Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту үшін барлық жағдай жасалғанын жиі естиміз. Бірақ біз әрқайсымыздың оның бір бөлігі және көрінісі екенін түсінуіміз керек.

Жиырма жыл бұрын Кәсіпкерлер қауымдастығының кеңсесі басқа ҮЕҰ-мен көршілес болды. Біздің мақсатымыз заңгерлік консультация беру, бухгалтерлік сүйемелдеу арқылы жаңадан бастаушы және тәжірибелі кәсіпкерлерге көмектесу болды.

Көршілердің міндеттері халықтың әр түрлі топтарына әлеуметтік және материалдық көмек көрсету мәселелерін қамтыды. Бұл – мүгедек балалардың аналары, көп балалы балалар, балаларды жалғыз тәрбиелейтіндер. Олар өзекті проблемаларды бірлесіп шешу үшін бірігіп жұмыс жасады.

Әйелдер заңның егжей-тегжейін үйренді, жобаларды коммерцияландыру негіздерін түсінді, жәрмеңкелер өткізді, шағын өндірістер құрды. Олар өздерінен басқа ешкім балаларына көмектесе алмайтынын анық білді. Өз міндеттерін митингтерге шығуда емес, мемлекеттік органдарды серіктестікке шақыруда көрді.

Қазақстандық азаматтық қоғам үшін осы әріптестікті іс жүзінде іске асыруға мүмкіндік берген ҮЕҰ және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңдардың қабылдануы нағыз серпілісті құбылыс болды. Мемлекет ҮЕҰ тұлғасында маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыруда адал одақтас алды. Ал қоғамдық ұйымдар – институционалдық негізде олардың үлесін мойындауға ие болды. Осы ҮЕҰ-ның көпшілігі бүгінде жұмысын жалғастырып, өз тағдыры үшін жауапкершілік алуға шабыттандырады.

**Айзада Жұмашева, 31 жаста, кәсіпкер**

– Азаматтық қоғам, менің ойымша, өзінің мінез-құлқымен, көзқарасымен және реакциясымен мемлекетке әсер ете алатын және бүкіл ел үшін маңызды процестерді басқара алатын халық.

Парламент қандай да бір заң қабылдайды. Уақыт өте оған өзгерістер енгізетін сәт келеді. Мұны бастамашыл топтар да, Парламенттің немесе Үкіметтің өзі де жасай алады. Бірақ егер мемлекеттік институттар инертті болса және өзгерісті қаламаса, статус-квоға қанағаттанса, онда қоғам өзгерістердің жетекшісі болып табылады.

Бізде үкіметтік емес ұйымдар жеткілікті, бірақ олар қаншалықты ықпал ете алады? Менің ойымша, біздің елімізде өзгерістердің көшбасшылары адамдар болып табылады. Жалпы ұйым емес, дәлірек айтқанда көшбасшы. Дамыған елдерде ҮЕҰ ықпал ету деңгейі бойынша саяси партиядан немесе заң шығарушы органнан кем болмауы мүмкін.



Жақында кейс болды: 150 мыңнан астам адам тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдату үшін онлайн петицияға қол қойды. Мемлекеттік органдар тарапынан қандай нәтиже болды? Петиция екі жыл бұрын басталып, бұрынғы шенеунік әйелін өлтіргеннен кейін ғана оны іліп алып кеткендіктен, заң бұзушылық бар деп есептелді. Оған жол берілмеді.

Міне, осы жерде біздің ҮЕҰ жұмыс істеуі керек! Бұл қаншалықты маңызды екенін, жақсы жаққа өзгеруге қаншалықты дайын екенімізді көрсетуіміз керек. Әрбір азамат кем дегенде бір нәрсеге қызығушылық танытып, өз пікірін білдіруге міндетті және «менсіз де шешеді» қағидаты бойынша өмір сүрмеуі емес.

Мен жыл сайын еліміздегі экология мәселелеріне көбірек қызығушылық танытамын. Сонымен қатар, мені білім беру (барлық деңгейлер) және халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелері толғандырады.

Мен бәрін сол күйінде қалдырып, өзгертпеу үшін бенефициарлар биліктегі нақты адамдар екенін көремін. Бұл олардың қолында, олар заңнаманың өзгеруіне және азаматтық қоғамның жетілуіне кедергі келтіреді.

Азаматтық қоғам – бұл билік пен қоғам келіс-сөздер үстеліне отыра алатын және билік бұл кездесуде артықшылықты жағдайға ие болмайтын кез. Бұл, менің ойымша, қоғам дамуының көрсеткіші.



**Наталья Семеновна, 58 жаста, «Келешек» психологиялық орталығының директоры, Астана қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі**

– Мен 30 жылдай психолог болып жұмыс істеймін. Күн сайын отбасының проблемалары туралы естігенде, кең әлеуметтік деңгейге шығу өте маңызды екенін түсінесің. Бұл проблемаларды шешу үшін айналамыздағы қоғаммен не болып жатқанын, осы немесе басқа проблемалық жағдайдың қалай қалыптасатынын түсіну керек.

Бұл мені кабинеттен тыс азаматтық секторға шығуға мәжбүр етті. Мен отбасы, әйелдер мен балалар мәселелерімен айналысатын ҰЕҰ-ны дамытуға белсенді қатысамын. Мен әлемдік тәжірибені зерттеп жатырмын. Бұл секторда бей-жай қарамайтын адамдар көп, біз бірігіп, айналамыздағы әлемді жақсартуға көмектесетін түрлі әлеуметтік жобалар жасаймыз.

Соңғы жобалардың бірі – психологтарды тұрмыстық зорлық-зомбылық бар отбасылармен жұмыс істеуге үйрету. Бұл тақырып әрдайым өзекті болды, бірақ ұзақ уақыт бойы құқықтық салада бұл шиеленістер тек отбасылық қақтығыстар ретінде қарастырылды, адамдар үйден қоқыс шығармауды жөн көрді.

Бірқатар резонанстық жағдайлардан кейін ғана белсенділер оларды әлеуметтік желілерде жариялағаннан кейін, яғни азаматтық қоғамның арқасында мемлекет бұл проблеманы шешуге бет бұра бастады.

**Бағдад Шәріпова, 49 жаста, мемлекеттік қызметші**

Азаматтық қоғам – кез келген мемлекеттің негізі. Қазақстан Республикасының Конституциясында халық мемлекеттік биліктің жалғыз қайнар көзі болып табылатыны айтылған. Демократиялық елдерде халық бұл билікке тікелей ие, онда азаматтар дауыс беру арқылы өз еріктерін білдіреді. Біз де осыған ұмтылуымыз керек.

*Әр адам өзінің жұмыс орнында, өз ауласында, үйінде өзінің азаматтық ұстанымын қорғап, үйдің, қаланың, жұмыс ұжымының өміріне белсенді қатысуы керек. Сол кезде билік адамдардың үніне құлақ асады. Халықтың еркін білдіретін үкіметтік емес ұйымдар билік пен халық арасындағы паритетті, тепе-теңдікті сақтау үшін көп болуы керек.*

Бізде ҰЕҰ көп сияқты, әлеуметтік желілерде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы кейбір құқық қорғау, экологиялық ұйымдар мен бастамалар туралы жиі естиміз. Адамдардың санасы өзгеруде. Бұған қоса, әлеуметтік желілердің пайда болуымен, соның арқасында бүгінде ақпарат бірден таралады және әркім кез келген мәселе бойынша өз пікірін білдіре алады.

Мұның бәрі бізге байланысты. Егер біз белсенді болсақ, өз ұстанымымыз, үніміз болса, біз жағдайды өзгерте аламыз. Әзірге біз өркениетті дамыған елдердегідей жағдаймен мақтана алмаймыз, бірақ оған ұмтылу керек.

Конрад Аденауэр атындағы Қор - Германия Федеративтік Республикасының саяси қоры. Қор өзінің бағдарламаларымен және жобаларымен халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікке белсенді және пәрменді ықпал етеді.

Қазақстанда Қор өкілдігі өз жұмысын 2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шақыруымен бастады. Қор мемлекеттік органдармен, ҚР Парламентімен, азаматтық қоғам ұйымдарымен, университеттермен, саяси партиялармен, кәсіпорындармен әріптестікте жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасындағы Қор қызметінің негізгі мақсаты саяси, білім беру, әлеуметтік, мәдени және экономикалық даму саласындағы ынтымақтастық жолымен Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті нығайту болып табылады, сол арқылы Қазақстанның одан әрі дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы Конрад Аденауэр атындағы Қор қызметінің басым бағыттары:

- Партияның саясаты мен жұмысы бойынша кеңес беру
- Парламентаралық диалог
- Энергетика және климат
- Жергілікті өзін-өзі басқару
- Саяси білім
- БАҚ (Медиа)
- Жергілікті Sur-Place шәкіртақы бағдарламасы



Мекенжайы:

Конрад Аденауэр атындағы Қордың Қазақстандағы өкілдігі  
Қабанбай батыр көшесі, 6/3 - 82  
010001 Астана қаласы  
Қазақстан



Байланыс деректері:

Info.Kasachstan@kas.de  
+7 7172 92 50 13  
+7 7172 92 50 31

<https://www.kas.de/kk/web/kasachstan/>